



## КРЕАТИВТІ ИНДУСТРИЯНЫ ЖЕДЕЛ ДАМУ ТУРАДАҒЫ ТАПСЫРДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаеваны қабылдады.

Президентке Мәдениет және ақпарат министрлігінің атқарған жұмыстарының нәтижесі, сондай-ақ ведомствоның алдағы қызметі барысында қолданылатын перспективті тәсілдер жөнінде баяндалды.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа ақпарат, мәдениет, креативті индустрия, азамат-

тық қоғам, дін, этносаралық қарым-қатынас, жастар және отбасылық-демографиялық саясат салаларында қабылданып жатқан шаралар туралы мәлімет берілді.

Аида Балаева ведомствоның жетекшілік ететін салаларын дамытуға қатысты жоспарын айтты.

Кездесу соңында Мемлекет басшысы министрлікке мәдени-тарихи нысандардың инфрақұрылымын дамыту, шығармашылықты қолдау, Қазақстанның мәдениетін шетелде дәріптеу секілді бірқатар нақты міндет жүктелді. Бұдан бөлек, креативті индустрияны институционалдық тұрғыда қолдау және аталған саланы жедел дамыту жұмыстарын жандандыру тапсырылды.

## ЦИФРЛАНДЫРУ МЕН КИБЕРҚАУІП – БІР ТАЯҚТЫҢ ЕКІ ҰШЫ

Қазақстанның әлем елдері алдындағы ең бір мақтанар жетістіктерінің бірі – цифрландыру. Халқымыздың 93%-дан астамы интернетпен қамтылған. Бұл бағытта біз 28-орында тұрмыз. Ал Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар индексіне жаһандық рейтингте 51-ші, Желімен шырмау индексіне 58-орындамыз. Мұның барлығы «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасының арқасы. Десе де, бұл жетістіктің теріс жағы да бар. Ол киберқауіпсіздік мәселесі.

4 >>



## ТРАНЗИТ ЕЛ ӘЛЕУЕТІН АРТТЫРАДЫ



Үлкен нарық – экономиканың алға жылжуына, өндірістің өркендеуіне негізгі фактор. Ал Қазақстан үшін оған қол жеткізудің бірден-бір амалы халықаралық көлік дәліздерін құру екені сөзсіз. Тәуелсіздік алғалы еліміз осынау бір күрделі миссияның үддесінен шығуды көздеп келеді. Нәтижесінде, кезінде бір-бірімен тікелей байланысы жоқ аймақтар арасында бүгінде тарам-тарам жол желісі орнады.

Мемлекет басшысы «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Жолдауында көлік-логистика саласының әлеуетін толық пайдалану стратегиялық маңызы бар міндеттің бірі екенін атап өткен болатын. «Қазір әлемде жаңа экономикалық кеңістік қалыптасып жатыр. Қытайдан Еуропаға, Ресейге, Орталық Азияға және осы аймақтардан Қытайға жіберілетін тауар көлемі айтарлықтай көбейді

деген болжам бар. Қазақстан солтүстік пен оңтүстікті, батыс пен шығысты байланыстыратын жаһандық жоларықта орналасқан. Бұл біздің елімізге зор мүмкіндік беріп отыр. Сондықтан көлік-логистика саласы экономикамызды алға бастайтын басты күштің біріне айналуға тиіс», – деді Президент.

(Жалғасы 5-бетте)

## МАМАН ТАПШЫЛЫҒЫ ҚОЛДЫ БАЙЛАП ТҮР

Ақмола облысында ветеринар тапшылығы мәселесін шешуге ниетті атқамінер байқалмайды. Ветеринар мамандардың жетіспей жатқаны биыл қыста қатты сезілді. Бірнеше ауылда қалт-құлт еткен малдың жай-күйін қарауға жалғыз өзі қалған ветеринар мамандардың шамасы жетпегендіктен, аман алып қалуға болатын малдың өзі де пышаққа ілініп не арам өлген.



7  
БЕТ

## УАҚЫТТЫ ЖЕҢГЕН ЖӘДІГЕР

Мао Цзэдунның: «Ұлы Қытай қорғанына бармасаң, нағыз қытай емессің» деген әйгілі сөзін сәл-пәл бұрмалап, «Қорғанды көрмегенің – Қытайды көрмегенің» деуге болатын шығар. Сол себепті де таяуда Қытайға жасаған журналистік сапар аясында әдейілеп осы мекенге ат басын бұрдық. Таулы қыраттарды бойлай салынған алып айдаһар пішініндегі тас қамалды өз көзіңмен көргенде, оның ұлылығын тағы бір мәрте мойындай түседі екенсің.



8  
БЕТ

## МҰНАЙ САУДАСЫНДАҒЫ МҮМКІНДІК

Су тасқыны салдарынан жұмысы бәсеңдеген мұнай өндіру саласы қалпына келтірілді. Дәл қазір елімізде бірде-бір су басқан мұнай өндіру ұңғымасы жоқ. 10 мамыр күні өткен Үкімет отырысынан кейін Энергетика министрі Алмасадам Сәтқалиев осылай деп мәлімдеді.

«Мұнай өндіру көлемінің шамалы төмендеуі байқалды, шамамен 500 ұңғымасына су астында қалды. Бұл негізінен Ақтөбе өңіріне әсер етті. Бірақ қазір жасалып жатқан барлық іс-шара өз тиімділігін көрсетті. Біз штаттық режимде жұмыс істеп жатырмыз», – деді ол журналистерге.

Бұдан бұрын бірнеше апта бойы су басып жатқан өңірлердегі мұнай ұңғымаларының жұмысына да нұқсан келгені хабарланған болатын. Атырау мен Ақтөбе облыстарындағы 673 ұңғымасына мұнай өндіру тоқтатылып, мұнай өндірудің жалпы шығыны 20 мың тоннаға жуықтаған.

Ведомствоның мәліметінше, қазір қалпына келтіру жұмыстары, атап айтқанда, сорғы жабдықтарымен су айдау, су шайып кеткен шұңқырларды топырақпен толтыру, ұңғымаларды герметизациялау жұмыстары жүргізілуде.

Биыл еліміз 90,3 млн тонна мұнай өндіруді жоспарлап отыр. Былтырғы көрсеткіш көлемі шамамен 90 млн тоннаны құрап, оның 70,5 млн тоннасы экспортқа жіберілді. Бұл – соңғы жылдардағы ең жоғары көрсеткіш. 2022 жылы 84,2 млн тонна болған-ды. Өткен жылғы өндірістің жоғары көлемі Қашаған кенішіндегі рекордтық нәтижемен байланысты. Республикадағы үш ірі мұнай кен орнындағы өндіріс көлеміне шақсақ, былтыр Теңіз кенішінен 28 893 мың тонна мұнай (тәулігіне 632 мың баррель) өндірілсе, Қашағаннан 18,8 млн тонна (тәулігіне 408 мың баррель), Қарашығаннан 10,9 млн тонна (тәулігіне 234 мың баррель) өнім өндірілген. Қалғаны өзге кен орындарының үлесінде.

(Жалғасы 5-бетте)





## ӨНЕРКӘСІП САЛАСЫН ҚОЛДАУҒА АРНАЛҒАН ЗАҢДЫ ҚАРАЙДЫ

Сенат Төрағасы Мәулен Әшімбаев палата бюросының отырысын өткізді. Онда депутаттар 16 мамыр күні өтетін Сенат отырысының күн тәртібін бекітті.

Палата отырысында сенаторлар «1993 жылғы 14 қаңтардағы Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасындағы Азаматтық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек көрсету туралы шартқа өзгерістер енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы» заңды қарайды.

Құжат нормалары екі ел азаматтарының құқықтарын қорғауды тиімділігін арттыруға, сондай-ақ азаматтық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек көрсету бағытындағы ынтымақтастықты дамытуға арналған.

Айта кетейік, хаттамаға Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2023 жылғы 17 мамырда ҚХР-ға жасаған сапары аясында екі мемлекеттің Сыртқы істер министрлері қол қойды.

## SENAT OPEN ҚАНАТ ҚАҚТЫ

Қарағанды қаласында Парламент Сенатының қолдауымен шахматтан **Senat Open** бірінші ашық кубогының іріктеу туры өтті. Турнирге Қарағанды облысынан 100-ден астам шахмат әуесқойы қатысты.



Шахмат барлық деңгейдегі мәслихат депутаттарын, өңірлік Қоғамдық кеңес мүшелерін, БАҚ өкілдері мен ардагерлерді біріктірді. «Жылдам шахмат» форматындағы ойындар Қазақстан шахмат федерациясы мен Денешынықтыру және спорт басқармасының қолдауымен «AMANAT» партиясының ғимаратында өтті.

Жарыс қорытындысы бойынша үздік 25 ойыншы анықталды.

Бірінші орынды Еңбек ардагері Геннадий Пак иеленді. Екінші орын Абай аудандық мәслихатының бұрынғы депутаты Сергей Могилаға, үшінші орын Еңбек ардагері Сергей Игнатевке бұйырды.

— Мен 9 жасымнан бастап шахматпен айналысамын, бұл ойынды әкем үйреткен. Аталмыш турнир барлық шахмат әуесқойы үшін үлкен

мереке. Бұл спортты танымал етуге үлкен серпін. Турнир дәстүрлі болғанын қалаймын, — деді Геннадий Пак.

Сенат Open жартылай финалы 21 маусымда Қарағандыда өтеді. Оған Қарағанды облысынан, Ұлытау облысынан және Астанадан іріктеу турының жеңімпаздары қатысады.

Үлкен финал Астанада 29 тамызға жоспарланған. Сенат Open турнирі мәслихаттардың құрылғанына 30 жыл толуына арналған және Қазақстанның барлық өңірінде алғаш рет өткізіліп отыр. Шарада шахматтың беделін арттыру мақсатында екі жылда бір рет **Senat Open** турнирі өткізілетіні айтылды.

Әдебиет БЕЛГБАЙҰЛЫ

## 300-ДЕН АСТАМ АДАМ ТӘЛІМГЕР АТАНДЫ



Бүгінде елімізде жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға жеке қолдау мен көмек көрсететін тәлімгерлік институтын енгізу жөніндегі жоба табысты іске асырылуда. Еліміздің 17 қаласында 300-ден астам адам тәлімгер атанды.

Тәлімгерлікке кандидаттарды іріктеу процесін қорғаншы және қамқоршы органдар жүзеге асырады. Әрбір кандидат әңгімелесу арқылы өтеді, сондай-ақ тұрғын үй — тұрмыстық жағдайлары да ескеріледі. Іріктеудің барлық кезеңінен өтіп, тиісті қорытынды алғаннан кейін ғана кандидат тәлімгер бола алады.

Кандидаттарға қойылатын талаптар азаматтығы, кәметке толуы, соттылығының жоқтығы, әрекетке қабілеттілігі, тұрғылықты жерінің болуы және тағы басқа қамтиды. Тәлімгердің балаға қосымша білім беру мен медициналық қызметтерді қоса алғанда, түрлі салада қолдау көрсетуге құқығы бар.

## ТАСҚЫН БОЛҒАН ӨҢІРЛЕРДЕ ҮЙЛЕРДІҢ ҚҰРЫЛЫСЫ БАСТАЛДЫ

Солтүстік Қазақстан облысында су тасқыны болған өңірлерде инфрақұрылымды қалпына келтіру және тасқыннан зардап шеккендерге көмек көрсету жұмыстары белсенді жүріп жатыр. Бұл туралы Солтүстік Қазақстан облысының әкімі Ғауез Нұрмұхамбетов Премьер-Министр Олжас Бектеновке мәлімдеді.



Аймақта 4 мыңға жуық отбасыға жалпы сомасы 1,5 млрд теңгеге 100 АЕК мөлшерінде біржолғы материалдық көмек көрсетілді.

Азаматтардың баспана мәселесін шешу бойынша шаралар кешені қабылдануда. Өңірде барлығы 3,8 мың үй су астында қалып, оның бүгінде 1,3 мыңы тексерілді. Петропавл қаласының «Солнечный-2» ықшамауданында бекітілген үш жоба

бойынша 500 тұрғын үй салынады. Тиісті меморандум жасалып, қажетті инженерлік инфрақұрылым жүргізілді. Мәселен, «Қазақстан халқына» қорының қаражатына 100 үй салынып жатыр. Kazakhmys корпорациясы қорарқылы тағы 100 үй сала басталды. Ірі панельді құрылысқа маманданған елордалық «GLB үй құрылысы компаниясы» зауыты Kaspi АҚ қаражатына 300 тұрғын үй салады.

СҚО тұрғындарына баспана сатып алу үшін жылжымайтын мүліктің бастапқы және қайталама нарықтары негізінде пәтерлер пулы жасалды. Петропавлда алғашқы 7 пәтер сатып алынды, аталған жұмыс одан әрі жалғасады. Ойқала ықшамауданында және Былғары кентінде 26 үй мен 7 пәтерге жөндеу жұмыстары жүргізіліп жатыр.

Жалпы алғанда, бүгінде ықшамаудандар мен ауылдарда жөндеу-қалпына келтіру жұмыстарын жүргізу үшін 800-ден астам жұмысшы мен 400 бірлік техника жұмылдырылған.

Үкімет басшысы Олжас Бектенов зардап шеккен елді мекендердегі тұрғын үйлер мен инфрақұрылымды қалпына келтіру жұмыстарын жеделдетуді, сондай-ақ өңірде егіс науқанын уақытылы әрі сапалы жүргізу жөнінде шаралар қабылдауды тапсырды.

## БАЛАЛАРДЫ ИММУНДАУҒА 5,8 МЛРД БӨЛІНДІ

Премьер-Министр Олжас Бектенов елімізде қолайлы эпидемиологиялық жағдайды қамтамасыз ету және балалардың денсаулығын қорғау үшін вакциналар мен медициналық бұйымдардың қосымша көлемін сатып алуға қаражат бөлу туралы қаулыға қол қойды.

Ұлттық егу күнтізбесі шеңберінде уақытында екпе салынбай қалған 18 жасқа дейінгі балаларды иммундауға Үкімет резервінен 5 млрд 832 млн 377 мың 600 теңге бөлінеді.

Денсаулық сақтау министрлігі жүргізген талдау нәтижесінде Қазақстанда екпе ал-



маған 800 мыңнан астам бала паротит және гемофильді инфекция сияқты қауіпті жұқпалы ауруларға қарсы толықтыра иммундау жүргізілді.

## ЕТ ДҮКЕНДЕРІ САНИТАРЛЫҚ ТАЛАПҚА САЙ ЕМЕС

Елордалық прокуратура ветеринариялық заңнаманың сақталуына тексерулер жүргізді. Нәтижесінде, бірқатар заңбұзушылық анықталды.

Нақтырақ айтар болсақ, еш бақылаусыз ет өткізетін субъектілердің жұмыс істейтіні анықталған. Етті талапқа сай тасымалдау, қауіпті жұқпалы аурулар бойынша жоспарлы ветеринариялық іс-шараларды орындау, сондай-ақ ішкі сауда объектілерінде орналасқан ветеринариялық зертханалардың өзінде заңбұзушылықтар бары белгілі болды.

«Қала бойынша ветеринариялық-санитариялық бақылаудан өтпеген мал шаруашылығы өнімдерін сататын жүзден астам бақыландырылған субъекті жұмыс істейді», — делінген хабарламада.

Барлық зертханада ветеринариялық-санитариялық жағдайдың сақталмайтыны анықталған. Тіпті, кейбір зертханалар ветеринариялық-санитариялық қорытындысыз қызметін жүзеге асырып отырған.

Прокурорлық қадағалау актілері бойынша кінәлі тұлғалар әкімшілік жауапкершілікке, мемлекеттік кәсіпорынның лауазымды тұлғасы тәртіптік жауапкершілікке тартылды.



## STEM ДАҒДЫЛАРЫН ЖЕТІЛДІРУДІҢ ҚУАТТЫ ҚҰРАЛЫ



«AMANAT» партиясының Атқарушы хатшысы Дәулет Кәрібек Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде өткен Әлихан Мақсұт атындағы «RoboZerde – 2024» I республикалық робототехника фестивалінің ашылу салтанатына қатысты. Іс-шараға Қазақстанның түкпір-түкпірінен 200-ден астам оқушы қатысты.

Өз сөзінде Дәулет Кәрібек Мемлекет басшысы Ғылым және технологиялар жөніндегі Ұлттық кеңесте жас ғалымдарға жан-жақты қолдау көрсетуді тапсырғанын атап өтті.

«Еліміз ғылым және технология саласына қатысты маңызды мақсат қойып отыр. Президент атап өткендей, ғылымды дамыту – еліміз үшін стратегиялық маңызы бар басымдық. Мемлекет басшысы тапсырмасымен ғылымды дамытуға үш жылдың ішінде 625 млрд теңге қаражат бөлу туралы шешім қабылданды. Ғалымдардың жалақысы екі есе өсті. Жас зерттеушілерді қолдау шаралары күшейтіліп, соның нәтижесінде ғылыммен айналысып жүрген жастар саны артауда. Сондай-ақ жуырда «Жасанды интеллект» комитеті құрылды. Яғни, цифрландыруға көп көңіл бөлініп жатыр. Осы орайда, «RoboZerde – 2024» фестивалі жас ғалымдар мен инновациялық жобалар үшін айрықша алаңға айналуда тиіс», – деді ол.

Сондай-ақ Атқарушы хатшы партияның сайлауалды бағдарламасында жас

техник стансалары мен балалар технопаркін ашу көзделгенін айтты. Бұған қоса, «AMANAT» партиясының Сайлауалды бағдарламасында көрсетілген



дей, Сәтбаев атындағы инженерлік мектептер, Жәутіков атындағы IT мектептер, Абай атындағы гуманитарлық мектептер желісі құрылады.

«Біздің фестиваль оқушылардың робототехникаға деген қызығушылығын арттыруға, балалардың ғылыми-техникалық қабілетін дамытуға және өскелең ұрпақты ғылыммен айналысуға жан-жақты ынталандыруға бағытталған. Мектеп оқушыларына арналған робототехника – бұл хобби ғана емес, сонымен қатар STEM дағдыларын жетілдірудің қуатты құралы. Сондай-ақ біздің фестиваль оқушыларды инженерия және аппараттық технологиялар саласындағы болашақ мамандықтарға дайындайды», – деді белгілі ақын әрі фестиваль бастамашысы Серікзат Дүйсенғазы.

Айта кетейік, фестивальді ұйымдастырушылар қатарында: «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығы, «Әлихан Мақсұт атындағы дарынды балаларды қолдау қоры», «Астана дарыны» дарынды балалар мен талантты жастарды анықтау және қолдау орталығы, Астана қаласындағы №9 «Зерде» мамандандырылған мектебі, Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, «Роботек» және Mars robotics мектептері бар.

## БӘРІНЕ БІРДЕЙ ҚОЛДАУ КӨРСЕТІЛЕДІ

«AMANAT» партиясы Ақмола облыстық филиалының төрағасы Бейбіт Жүсіпов жұмыс сапарымен Астрахан ауданында болып, су тасқынынан зардап шеккен тұрғындарды қабылдады.



Берген Беспалинов, Астрахан ауданының әкімі Талғат Ерсейітовтің қатысуымен азаматтарды бірлесіп қабылдады. Шара «Құқықтық көмек» партиялық жобасы аясында ұйымдастырылды.

Жобаның басты мақсаты – су тасқынынан зардап шеккен өңір тұрғындарына заңгерлік және өзге де қажетті кеңес беру. Сондықтан қабылдауға нотариус, адвокаттар, жеке сот орындаушысы, ауданның әділет органдарының, жылжымайтын мүлік орталығының және басқа да қызметтерінің мамандары шақырылды.

Аудан орталығы Астраханка ауылында қабылдауда 15-ке жуық адам болды. Ал Старый Колудон ауылына қайықпен баруға тура келді. Себебі бұл ауылда кеңес алуға мұқтаж адамдар саны басым болды. Еңбек ауылында да зардап шеккендер бар, онда су басқан тоғыз үйдің алтауы тұруға жарамсыз деп танылған. Тұрғындарға мемлекет тарапынан қолдау көрсетілуде.

Аудан әкімі Т.Ерсейітов зардап шеккендерге жана үйлер салу, дайын тұрғын үйлерді сатып алу сынды кезек күттірмейтін мәселелерді шешудің әртүрлі нұсқалары ұсынылатынын айтты.

– Әрине, екінші нұсқа жақсырақ, өйткені жана үйлер салу үшін көп

қаражат пен уақыт қажет. Бірақ соңғы оқиғаларға байланысты ауданда жылжымайтын мүлік бағасының былтырмен салыстырғанда бір жарым-екі есе өсіп кетуі байқалады. Әлбетте, үйлерді сатып алу кезінде мүлікті тәуелсіз бағалау жүргізіледі, барлық мәселелер комиссиялық түрде шешілетін болады. Мемлекеттен көмек барлығына, тіпті үйлерін су шаймаған адамдарға да қажетінше көрсетіледі. Ал зардап шеккендердің құқықтарын белгілейтін құжаттарын негізінде қалпына келтіру жұмыстар да жүргізілетін болады, – деп атап өтті Б.Жүсіпов.

Жалпы, мәслихат төрағасының айтуынша, аудандағы ахуал тұрақты, халық жағдайға түсіністікпен қарап, барлық мәселе рет-ретімен шешіледі. Зардап шеккендердің басым бөлігі 100 АЕК мөлшерінде біржолғы төлем алды, қалған өтінімдер де өзінің қарау сатысында. Сонымен қатар зардап шеккендердің барлығы ауданға келіп түскен гуманитарлық көмекпен қамтамасыз етілген. Білікті заң көмегін алғаннан кейін ауыл тұрғындары жергілікті атқарушы және өкілді органдарға қолдау көрсеткендері үшін алғыстарын айтып, қиындыққа тап болған кезде қамқорлықсыз қалмайтынына сенім білдірді.

## ЖЫЛУ МАГИСТРАЛІНДЕГІ ЖҰМЫСТАРМЕН ТАНЫСТЫ

«AMANAT» партиясы Жамбыл облыстық филиалы жанындағы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі кеңес пен Партиялық бақылау комиссиясының мүшелері Тараз қаласындағы Төле би даңғылы бойындағы ауыстырылып жатқан жылу желілерінің барысымен танысты.



Айта кетейік, қаладағы Сыпатай батыр, Төле би, Тұрысов көшелерінің бойындағы М-1 жылу магистраліне қайта жаңғырту жұмыстары жүргізілуде. Мердігер компания «Сарыағаш – Аман» ЖШС бұл жұмысты биылғы жылдың сәуір айында бастаған болатын. Жылу магистралінің жалпы ұзындығы 6,5 шақырымды құрайды. Серіктестік ол жұмысты қазан айында толығымен аяқтамақ.

Комиссия мүшелері барған Төле би даңғылының Қолбасшы Қойгелді көшесі мен Жамбыл даңғылы аралығындағы негізгі жұмыстар аяқталған. Алайда осы аралықта бірнеше әлеуметтік нысандар

орналасқандықтан көлік қатынасына қолайсыздықтар туындаып жатқаны белгілі. Дегенмен серіктестік өкілдері ондағы жұмыстарды маусым айына дейін толық аяқтап, жолды ашатындықтарын жеткізді.

Комиссия мүшелері мердігер компания өкілдеріне құрылысты сапалы жүргізіп, берілген жұмысты уақытылы аяқтау туралы ұсыныстарын білдірді. Сондай-ақ жылу желілерін ауыстырған соң жолды қайта қалпына келтіруге баса назар аудару қажеттігіне назар аударды. Аталған құрылыс нысандары толық аяқталғанға дейін партияның бақылауында болады.

## БІРЛЕСКЕН ОТЫРЫС ӨТТІ

«AMANAT» партиясының Қызылорда облыстық филиалы атқарушы хатшысы Ләйлә Төрешованың қатысуымен партия филиалы жанындағы Партиялық бақылау комиссиясы мен Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі кеңестің бірлескен отырысы өтті.



Жиында Мемлекет басшысының Жолдауда айқындалған бағыттардың бірі – мемлекеттік сатып алудың жана жүйесін енгізу, қазіргі жүйенің проблемаларын жою, сонымен қатар мүгедектігі бар азаматтар құрған қоғамдық ұйымдарынан сатып алынатын тауарлардың, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу кезінде Индустриялық сертификат талап ету бойынша ұсыныстары жан-жақты талқыланды.

Мемлекеттік сатып алу жүйесін қайта қарау мәселесі бірнеше жылдан бері көтеріліп келеді. Бұл барлық әлеуметтік маңызды жобаны жүзеге асыруға тікелей әсер ететіндіктен Үкіметтің кеңейтілген отырысында Мемлекет басшысы бұл саланы түбегейлі реформалауды тапсырған болатын. Қазір Мемлекеттік сатып алу туралы заң жобасы Мәжілісте қаралып жатыр. Жиын барысында партиялық бақылау комиссиясының төрағасы Нұркен Бақытбекұлы мемлекеттік сатып алудың барлық процесі автоматтандырылғанмен, мемлекеттік сатып алулар проблемалық салалардың бірі болып отырғанын тілге тиек етті.

«Мемлекеттік сатып алуда жемқорлық мәселесі үнемі байқалады деп айтсақ артық айтқандық болмас. Әсіресе, құрылыс пен жол жөндеу ісіне сұрақтар көптеп кездеседі. Мәселен, аудандардағы құрылысы кешігіп жатқан нысандарға партиялық бақылау жүргізгенде, бірнеше мердігер мекеменің құрылыс жұмыстарына салғырттығы, жауапсыздығы салдарынан пайдалануға беру кестесінен кешіккеніне куә болдық. Мерзімінде бітпеген нысандар, сапасы сын көтермейтін нысандар – соның айғағы. Бұл бойынша депутаттық фракция тарапынан аталған компанияларға қатысты құқықтық баға беруін сұраған арнайы хат Жоғарғы сот пен Бас прокурорға, Ұлттық қауіпсіздік комитеті мен Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Агенттігіне, Қаржылай мониторинг агенттігі мен партия басшылығына жолданды», – деді Нұркен Бақытбекұлы.

Отырыс барысында Мемлекет басшысының Жолдауында айтылған тапсырмаларын іске асыру жөніндегі шаралардың өңірде орындалуы бойынша облыстық мемлекеттік са-

тып алу басқармасы басшысының хабарламасы тыңдалды. Сонымен қатар мүгедектігі бар адамдар қоғамдық бірлестіктері және солар құрған ұйымдардан сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу кезінде Индустриялық сертификат талап ету қаншалықты тиімді. Осы бағытта Қаржы министрлігіне мемлекеттік сатып алу заңнамасына тиісті өзгерістер енгізу туралы «Жігер» Қызылорда облысы мүгедектерінің қоғамдық бірлестігінің төрағасы Мұрат Джумадилаев ұсынысын жеткізді.

Біріккен отырыста Ішкі мемлекеттік аудит комитетінің, «Атамекен» кәсіпкерлер палатасының, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Қызылорда облысы бойынша департаменті өкілдерінің ұсыныс пікірлері тыңдалды.

Жиында Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі кеңес төрағасы Мақсұт Нәлібаев қорытындылап, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мен саланы жетілдіру бағытындағы өз ойын ортаға салды.

Қазақстанның әлем елдері алдындағы ең бір мақтанар жетістіктерінің бірі – цифрландыру. Халқымыздың 93%-дан астамы интернетпен қамтылған. Бұл бағытта біз 28-орында тұрмыз. Ал Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар индексіне жаһандық рейтингте 51-ші, Желімен шырғау индексіне 58-орындамыз. Мұның барлығы «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасының арқасы. Десе де, бұл жетістіктің теріс жағы да бар. Ол киберқауіпсіздік мәселесі.

Нұрлан ҚОСАЙ

#### ИНТЕРНЕТ АЛАЯҚТЫҚ КЕЗ КЕЛГЕН АДАМНЫҢ КОЛЫНАН КЕЛЕДІ

Елімізде соңғы кезде алаяқтар көбейіп кеткені рас. Соның ішінде интернет алаяқтар. Олардың біреулерге қонырау шалып, күмәнді әңгімеге тартып жатқанын жиі құлағымыз шалатын болды. Оның да өз себебі бар екен.

«Қазіргі заманда интернет-алаяқ болудың ешқандай да қиындығы жоқ. Бір кездердегідей күрделі алгоритмдер ойлап тауып, техниканың күрмеулі тілін білу шарт емес. Интернеттің бетін ашып қалсаңыз, осы мақсаттағы түрлі қосымша көп. Кәдімгі такси, тапсырыс беру секілді сервистік қызметтерді пайдаланғаныңыз секілді кез келген адам тіркеліп, онлайн түрде алаяқтық жасай алады. Мәселен, түрлі SCAM CRM платформалар деген бар. Онда дайын фишинг-парақшалар, ақша қабылдайтын электронды әмияндар, жеке мәліметтер базасы сынды тағы да басқа құралдар әзір тұр. Мәселен, сондай бір қосымшаға ТМД бойынша 103 мың алаяқ тіркелген болса, оның 1 500-і Қазақстаннан», — дейді MSSP Global компаниясының Ақпараттық қауіпсіздік жөніндегі сарапшысы Медет Турин.



## ЦИФРЛАНДЫРУ мен КИБЕРҚАУІП – БІР ТАЯҚТЫҢ ЕКІ ҰШЫ

Оның айтуынша, киберкылмыскерлерді екіге бөліп қарастыруға болады екен. Біріншісі – онлайн алаяқтар. Олар негізінен жеке адамдармен жұмыс істейді. Күнделікті өмірде сіз бен бізге банк қызметкері немесе тағы басқа болып қонырау шалатын солар. Статистика бойынша, алаяқтардың әрбір бесінші әрекеті сәтті болып жататын көрінеді, яки он адамның екеуі алданады.

Ал екіншісі – хакерлер. Олар – техниканың тілін жетік меңгерген, бағдарламалаудың хас шеберлері. Құрбандығы – ірі-ірі корпорациялар. Сондықтан да барлау операциясын ұзақ, орташа есеппен 6-18 ай жүргізеді. Сөй-

теді де, соны алты нөлмен бітетін мақтаны олжаны қарпып түседі.

«Қылмыс әлемі де бір орында тұрған жоқ. Технологиялық жетістіктерді бірінші кезекте іліп алып кетіп, теріс пиғылын іске асыруда. Мысалы, қазір интернет алаяқтар Deep Fake, LLM сынды озық технологияларды қарқынды қолдана бастады. Соның бір мысалы – таяуда ғана Гонконгтағы бір фирмаға дипфейк арқылы бейнеқонырау шалған қаскөнемдер олардың 25 миллион долларын ұрлап алды. Осындай жағдайды айтқанда, интернет алаяқтық әлемде тұтастай индустриялық сипат алып, миллиардтаған айналымы бар

бизнеске айналып кетті. Біздің еліміздегі жағдай соның бір жұрнағы ғана», — дейді маман.

«Таяқтың екі ұшы бар» демекші, елімізде қанат жайған цифрландыруның игілігі мен қатері қатар өрілуде. Түрлі мессенджерде шұғыл хат-хабар алып, оп-онай-ак онлайн-төлем жасау, сондай-ақ электронды қызметтерді жедел пайдалану қаншалықты жақсы болса, алаяқтарға алданып, кибершабуылға ұшырап, миллиардтаған шығынға батып жатқан қазақстандықтардың жағдайы соншалықты жаман. Айталық, еліміздегі компаниялардың 92%-ы осы уақытқа дейін бір рет те болса кибершабуылға ұшыраған екен. Осылайша, кибершабуыл рейтингінде Қазақстан әлемде жетінші орында тұр. Ал интернет пайдаланушыларға «банк трояндарын» қолдана отырып шабуыл жасау соңғы бір жылда екі есеге өсіп кеткен. Мұның барлығы интернет алаяқ болудың оңайлығында жатса керек.

#### САҚТАНУДЫҢ БІР ШАРТЫ – ИНТЕРНЕТ ГИГИЕНА

Мамандардың айтуынша, құзыретті органдарда қазір интернет алаяқтарға қарсы қояр күш-құрал жоқ. Мұншама орасан көп ақпаратты жинап, талдап,

екшейтін мүмкіндіктері шамалы. Сондықтан да өзімізге көбірек сенгеніміз абзал. Оның бір жолы – ақпараттық сауаттылық. Әрине, цифрландыру мен технологиялардың дендей енгеніне қарай халықтың да ақпараттық сауаттылығы артып келе жатыр деуге болады. Бірақ алаяқтарға қарсы қоярлықтай дәрежеде емес. Киберқауіпсіздік мәселесіне көпшілік салғырт қарайды. Тіпті, IT мамандардың өзі де цифрлық-гигиенаның не екенін толық түсінбейді екен. Осының бәрі алаяқтар үшін қолайлы боп тұр.

«Осы ретте біз қазақстандықтарға кибергигиена негіздерін үйрету үшін

CitizenSec жобасын қолға алып отырмыз. Бұл – әлеуметтік жоба. Онда кибергигиена туралы және басшылық етуші топқа арналған ұйымдағы қауіпсіздікті ұйымдастыру әдістемесі жарияланған. Сабак форматы – 1 минутқа дейінгі бейнероликтер. Егер сіз шамамен 15 минуттай жұмсар болсаңыз, 15 сабақ өтіп шығасыз. Соның өзінде өздеріңізді қалай қорғауға болатынын түсініп үлгересіз. Жоба шамамен екі жылға созылмақ. Әрі тегін жүретін болады. Ол үшін Citizensec.kz сайтына кірсеңіз болады. Алдағы уақытта алаяқтықтың әлде киберкылмыстың жана түрі шықса, біз оны бірден жария етіп отыратын боламыз», — дейді MSSP Global компаниясының Бас атқарушы директоры (CEO) Дәурен Салипов.

Бұл жоба – жеке ұйым көтеріп отырған бастама. Одан бөлек, ақпараттық қауіпсіздік мәселесі еліміз үшін мемлекеттік деңгейдегі міндет ретінде де қаралады. Десе де, олқылықтар да жоқ емес. Мәселен, ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымдардың маңызды ұрымтал нысандары (КВОИКИ) әлі де болса тиісінше қорғалып отырған жоқ. Ол үшін бұл бағыттағы заңдар мен нормативтік-құқықтық актілердің орындалуына қадағалауды күшейту қажет. Сондай-ақ жекеменшік ақпараттық қауіпсіздік жөніндегі жедел орталықтарды (SOC) дамыту керек. Бір әттеген-айы, қазір жеке бизнес өкілдері үшін өз ұйымында ақпараттық қауіпсіздік іс-шараларын ұйымдастырғаннан бұрын заң талаптарын сақтамағаны үшін айыппұл төлей салу қолайлы болып тұр. Иә, ахуал күрделі! Дегенмен киберкылмысқа қарсы күрес бір сәтке де тоқтаған емес. Оған қоса, цифрландыру реформасы одан әрі жалғаса бермек. Мәселен, 2025 жылы Қазақстан Үкіметі БҰҰ-ның Электронды үкіметтерді дамыту индексіне үздіктердің 20-лығына, Электронды коммерция В2С (Business to Consumers) индексіне үздік 50-лікке және Ақпараттық-коммуникациялар технологияларын дамыту индексіне үздіктердің 40-тығына енуі мақсат етіп қойып отыр.

Жасанды интеллект заңдарды өз бетінше әзірлеп, заң жобаларына сараптама жүргізе ала ма? Ол қабылданатын заңдардың құқықтық және әлеуметтік-экономикалық салдарын болжай алуға қабілетті ме – осы жайында аз-кем сараптап көрген едік.

#### 1 ТРЛН ДОЛЛАРДАН АСА ИНВЕСТИЦИЯ САЛЫНБАҚ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2023 жылғы 1 қыркүйектегі «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына Жолдауында цифрландырудың стратегиялық маңызын атап өтіп, жасанды интеллект технологияларын енгізу арқылы IT салада озық ел болу мақсатын қойды. Президент бастамасы бірқатар нақты үкіметтік бағдарламада жалғасын тапты. Жиі саласын дамытудың 2024–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасының жобасы оны енгізудің қазіргі жағдайы мен бағыттарын егжей-тегжейлі сипаттайды. Әзірлеушілердің ойынша, осы тұжырымдаманы іске асыру 2025 жылға қарай суперкомпьютердің іске қосылуына және 2029 жылға қарай жиі технологияларын пайдалана отырып көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің үлесі 20%-ға дейін өседі деп күтіледі. Бұл мақсаттар мемлекеттік қызметтің басқа салаларын цифрландыруға бағытталған күш-жігермен тікелей байланысты.

Парламенттік қызметті цифрландыруға бизнес-процестердің реинжинирингі, сондай-ақ мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйесімен ары қарай интеграциялаумен, Е-Parlament бірінші платформасын құруға бағытталған ҚР ПІБ Материалдық-техникалық қамтамасыз ету басқармасы мамандары қызметі жиі-дәл енгізу бойынша жалпыұлттық стратегиямен үйлеседі.

Жақында өткен Ғылым және технологиялар жөніндегі ұлттық кеңестің отырысында Президент ғылыми-техникалық прогресс жаһандық экономика мен өмір салтын тез өзгертіп жатқанына тоқталып, Қазақстанның технологиялық және ғылыми-инновациялық егемендігін нығайту үшін барлық мүмкіндікті пайдаланудың маңыздылығын атап өтті.

Сарапшылардың бағалауы бойынша, 2030 жылға қарай жиі әлемдік ЖІӨ-нің 7% -на дейін қамтамасыз етеді, ал 2027 жылға қарай жиі жаһандық нарығын капиталдандыру 400 млрд доллардан асады. Бұл перспективалар жиі дамытудағы әлем елдері күш-жігерінің маңызын көрсетеді.

#### ЖАҒАНДЫҚ ТРЕНДТЕН ҮЙРЕНЕРІМІЗ КӨП

Заңнамалық қызметте жиі-дәл қолдану – жаһандық тренд. Мәселен, Бразилияда толығымен жиі әзірленген заң қабылданды, бұл оның заң шығарудағы рөлі туралы кең пікірталас тудырды. Бұл мысалдар жиі деректердің үлкен көлемін және қолданыстағы заңнаманы қысқа мерзімде талдай отырып, заң шығару процесінде күрделі міндеттерді орын-

дауға қабілетті екенін көрсетеді, бұл мұндай технологияларды жаһандық деңгейде құқықтық жүйелерге біріктірудің өзектілігі мен маңызын тағы бір рет көрсетті. Алайда заң шығару процесінде озық цифрлық технологиялар мен жиі құралдарын пайдалану заң шығарушы органның классикалық міндеттерімен қатар жүруі керек екенін атап өткен жөн.

Парламент үш негізгі функцияны орындайды: өкілдік, бақылау және заң шығарушы. Қазір цифрлық күш-жігер негізінен өкілдік функцияны дамытуға, атап айтқанда, көшпелі кездесулер арқылы Парламенттің халықпен өзара іс-қимылын құруға, азаматтарды қабылдауды цифрландыруға және Парламенттің интернет-ресурстарына қолжетімділікті қамтамасыз ету арқылы бизнес-процестерді жетілдіруге, сондай-ақ бейнеконференциялық байланыс орнату мақсатында онлайн платформаларды пайдалануға бағытталған.

## ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ЗАҢДАРДЫ ӘЗІРЛЕЙ МЕ?

Бұл ретте жиі-дәл заң шығару процесіне енгізу дәстүрлі жұмыс әдістерін түбегейлі өзгерте алатын айтарлықтай әлеуетке ие. Жиі-дәл толыққанды интеграциясы заңнамалық қызметтің сапасы мен тиімділігін жақсартып қана қоймай, сонымен қатар депутаттарға бюрократиялық жүктемені едәуір төмендетуге мүмкіндік береді. Бұл заңшығарушыларға заңнаманы дамытудың стратегиялық аспектілеріне назар аударуға және қоғамдағы тез өзгеретін сын қатерлерге тез, тиімдірек жауап беруге жол ашады.

Сонымен қатар жиі заң жобаларын, терен негізделген және сенімді деректерді әзірлеуді қамтамасыз ете отырып, деректерге талдау жүргізу барысында Парламенттің ұстанымын едәуір нығайта алады. Бұл «Күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» формуласы шеңберінде заңнамалық процестің сапасы мен тиімділігін айтарлықтай арттыратыны сөзсіз.

Жетекші Батыс елдерінің заң шығарушы органдары үшін практикалық нұсқаулыққа айналған «Ақылды парламенттер. Деректерге негізделген демократия» атты кітапта қазіргі уақытта заң шығару процесіне жиі технологиясын енгізудің 31 құралы әзірленгені көрсетілген. Парламентаризм институты олардың үшеуін зерттеумен белсенді айналысады.



## ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ

Біріншісі – жиі-дәл құқықтық сараптама үшін қолдану. Жиі алгоритмдері деректердің үлкен көлемін талдайды, заң жобаларындағы қайшылықтарды анықтайды, оларды қолданыстағы заңнамамен және халықаралық стандарттармен салыстырады. Бұл заң жобаларын әзірлеудің сапасын арттырады және заңдарды сараптауға жұмсалатын бюджет қаражатын айтарлықтай үнемдей отырып, заңды қателіктердің алдын алуға көмектеседі. Мысалы, 2020 жылы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі НКА жобаларын сыбайлас жемқорлыққа қарсы ғылыми сараптау жүргізу үшін ҚҚС-сыз 2,4 млрд теңге, ал «Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ» КЕАК 1,5 млрд теңге бөлді.

Екіншісі – деректерді талдау негізінде құқықтық сала үшін болжамдар әзірлеу. Үлкен деректер мен аналитикалық құралдарды пайдалану белгілі бір заңның қабылдануының ықтимал салдары, оның экономикаға, әлеуметтік салаға және азаматтардың өміріне әсері туралы құнды болжамдар жасауға мүмкіндік береді. Бұл депутаттарға неғұрлым негізделген шешімдер қабылдауға көмектеседі.

Үшіншісі – заңнамалық мәтіндерді құру процесін автоматтандыру. Заманауи технологиялар заң жобаларының мәтіндерін әзірлеу кезінде қол еңбегін

және «адами факторды» азайтуға көмектеседі.

Автоматтандырылған жүйелер заң жобаларын құрылымдайды, олардың заң техникасының стандарттарына сәйкестігін қамтамасыз етеді және заң жобаларын дайындау процесін жеделдететін және олардың сапасын арттыратын барлық қажетті заң элементін қамтиды.

Заң шығару процесіне «ескі» көзқарастың тиімсіздігін жарқын мысалы ретінде Су кодексінің жобасымен жұмысты келтіруге болады, оның бастапқы талдауы 70-ке жуық тұжырымдамалық ескертуді, заңға тәуелді актілерді пысықтаудың жоқ екенін және қолданыстағы конституциялық нормаларға қайшы келетінін анықтады.

Су кодексінің жобасы уәкілетті органдардың функцияларын нақты ажыратуды қамтамасыз етпейді және су шаруашылығын реформалау үшін инвестициялар тартудың қазіргі заманғы тетіктерін қоспағанда, ескірген тәсілдерге сүйенеді және Конституцияның талаптарын ескермеген. Кодекстің ойластырылмаған құрылымы және Су және Экологиялық кодекстер арасындағы нормалардың қайталануы су ресурстарын тиімді басқаруға кедергі келтіре отырып, құқықтық белгісіздікті күшейтеді. Бұл ретте Су кодексінің әзірлеу екі жылға созылғанын еске саламыз.

#### КИБЕРҚАУІПСІЗДІК МӘСЕЛЕСІН ДЕ ҰМЫТПАҒАН ЖӨН

Қазір Парламентаризм институтында заң шығару процесіне жиі-дәл енгізу бағыттары мен құралдарына қатысты нақты көзқарас қалыптасқан.

Тұжырымдамалық деңгейде заң шығару процесіне жиі-дәл енгізу келесі элементтерді қарастыруға керек: тиісті стратегияны әзірлеу, басымдықтарды белгілеу, оқыту, енгізу процесінің өзі, басқару.

Заң шығару процесіне жиі-дәл толыққанды енгізу үшін бірыңғай оператор құру қажеттілігі бар. Бұл оператор жиі құралдарын әзірлейді, тиімді енгізеді және құқықтың әрбір саласы бойынша оқытуды жүзеге асырады. Қазір институт қажетті ресурстарға ие және осындай оператор ретінде қызмет көрсетуге дайын. Аталған мәселелерді егжей-тегжейлі талқылау биылға жоспарланған.

Дегенмен цифрлық технологияларды кенінен енгізумен байланысты белгілі бір тәуекел бар. Киберқауіпсіздік мәселелері ерекше назар аударуға тұрарлық. Мемлекеттік жүйелерге техникалық қолжетімділік елдің де, азаматтардың да қауіпсіздігіне қауіп төндіреді. Қазақстан метадеректерді сақтауға қатысты тұжырымдамалық шешім қабылдау қажет. Деректерді физикалық серверлерге орналастыру айтарлықтай қаржыландыруды қажет етеді, ал бұлтты сақтау жеткілікті сенімді болмауы мүмкін.

«Қадағалау» және «Төрелік» сияқты мемлекеттік ақпараттық жүйелерге жиі-дәл шектеулі қолжетімділігімен, сондай-ақ ақпаратты тиімді өңдеу үшін жиі мүмкіндіктерін шектейтін тіл өрісінің дамымаған/тарлығымен байланысты техникалық тәуекелдер де бар.

Қазіргі жағдайды ескере отырып, қысқамерзімді перспективада тез енгізуге және нақты нәтижелерге қол жеткізуге бағытталған тұжырымдамалық шешімдер қабылдау арқылы «жылдам жөністер» стратегиясына назар аудару маңызды.

Жиі заңнамалық процесті өзгертуге, жұмыстың дәлдігін едәуір жақсартуға және заң жобаларын әзірлеу уақытын қысқартуға мүмкіндік береді. Жиі-дәл пайдалану сонымен қатар елдің құқықтық жүйесіне заңнамалық бастамалардың жоғары сапасы мен негізділігін қамтамасыз ете отырып, өзгерістерге тез бейімделуге мүмкіндік береді.

Қазір Парламент пен МТКБ мамандары бұл мүмкіндіктерді белсенді талдауда және бағалау жұмыстарын іске асыруда.

**Шолпан САЙМОВА,**  
ҚР Президенті Іс басқармасы  
жаындағы  
Парламентаризм институтының  
Жария заңнама орталығының басшысы,  
PhD докторы



# МҰНАЙ САУДАСЫНДАҒЫ МҮМКІНДІК

(Басы 1-бетте)

Бауыржан БАЗАР

Тәуелсіздік жылдарында мұнай-газ саласы елімізде әлеуметтік-экономикалық реформалар жүргізудің негізгі тетігі болды. 1991 жылы шикі мұнай мен газ конденсатын өндіру республикадағы барлық өндірістік өнеркәсіп көлемінің 2,5%-ын құраған болса, 20 жыл өткен соң 2011 жылы ол көрсеткіш 53,8%-ға жеткен еді. Мұнай мен газдан түскен қаржы мемлекет бюджетінің 2/3 бөлігін толтырып, ЖІӨ-нің 1/3-ке жуық көлемін қамтамасыз етті. Егер «қара алтыннан» алынған мол қаржының есебінде үнілсеңіз, тек 2013 жылдың өзінде Қазақстан экспорттаған өнім саудасы 55,2 млрд долларды (68,1 млн тонна мұнай) құрапты. Ал дәл сол жылы ішкі нарықта сатылған мұнайдан түскен кіріс 3,7 млрд доллар болған. Яғни, 2013 жылы мұнай сатудан түскен ақшаның жалпы көлемі 58,9 млрд доллар немесе 9,1 трлн теңгеге жеткен. Дәл сол жылы еліміздегі мұнай өндіруші компаниялардан жалпы салық түрінде түскен 3,4 трлн теңге Ұлттық қорға аударылыпты.

Сөзжөк, Қазақстан экономикасының дамуы шикі мұнайды өндіру және сатудан түскен табыстың есебінен қамтамасыз етіліп келеді. Оның ішінде мемлекет бюджетін толықтыруда да «қара алтыннан» түскен түсімнің маңызы зор. Экономикалық зерттеулер институтының жетекші сарапшысы Дәулет Жамбайбеков еліміз шикізатқа тәуелді болмауға қанша тырысса да, ол бүгінгі күнге дейін әлі де сақталып келе жатқанын айтады.

«Ұлттық экономика министрлігінің ақпараты бойынша, шикізатқа деген тәуелділіктен біртіндеп кету жоғары қайта бөлу салаларын дамыту есебінен қамтамасыз етілетін болады. Осы жылы жалпы құны 4,6 трлн теңгені құрайтын 400-ден астам жобаны іске қосу жоспарланған. Кемінде 10 жоба экономиканың басым салаларында жоғары қайта бөлу кластерлерін құруға бағытталған. Осы жобаларды іске асыру шеңберінде металдарды терең өңдеу, ауыр машина жасау, мұнай химиясы мен уран өнеркәсібін дамыту көзделеді», — дейді сарапшы.

## «ҚАРА АЛТЫН» ҚОРЫ ҚАНША?

Энергетика министрлігінің ақпараты бойынша, қазіргі мұнай қоры 4,4 млрд тоннаны құрайды. Келешекте Теніз және Қашаған кен орындарында өндірістерді кеңейту жөніндегі жобаларды іске асыру кезінде жылдық мұнай өндіру 100 млн тоннаға жетеді деп күтіліп отыр.

Сарапшылар шикі мұнай өндірудің қазіргі қарқынын ескере келгенде «мұ-

найға арқасүйеу дәурені» 44 жылдың айналасында аяқталады деп болжайды. «Жоғарыдағы көрсеткіштерге қарап, уақытты тиімді пайдалану қажеттілігі туындайтынын байқауға болады. Ол үшін экономиканы әртараптандыру, нормативтік қорды дайындау керек. Бұл — жерқойнауын пайдаланушылардың кен орындарын игеруді аяқтау жөніндегі өз міндеттемелерін орындауына қатысты мәселелер», — дейді Дәулет Жамбайбеков.

Десе де, ұлан-байтақ қазақ даласының жер қойнауында жатқан «қара алтынның» баланстық қоры жайында мәліметтер де әрқилы. Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі келтірген дерек бойынша, Қазақстанның баланстық қоры бірнеше миллиард тоннаға жетеді. Оның ішінде нақтыланған әрі бағаланған санаттар (А+В+С1) бойынша елдің геологиялық қорлары 11,4 млрд тоннаға, ал алынатын қор мөлшері 2,9 млрд тоннаға тең. Мұндағы болжамды мұнай қорының негізгі көлемі Атырау мен Ақтөбе облыстарының аумағында шоғырланған. Мәселен, Атырау облысындағы А+В+С1 санаттары бойынша геологиялық қорлар 6,2 млрд тоннаға, ал С2 санаты бойынша геологиялық қорлар 2,8 млрд тоннаға тең. Ақтөбе облысында А+В+С1 санаттары бойынша геологиялық қорлар 1,2 млрд тоннаны, С2 санаты бойынша геологиялық көрсеткіштер 852,1 млн тоннаны құрайды.

Дәл қазіргі сәтте мұнайды өндіру көлемі жөнінен де Атырау облысы көш бастап тұр. Былтыр елімізде өндірілген мұнай көлемінің 58,6%-ы аталған аймақтың үлесінде. Екінші орында Маңғыстау облысы (18,5%), үшінші орында Батыс Қазақстан облысы (13,65%) тұр. Олардан кейін Ақтөбе — 5,1%, Қызылорда — 4,1%, Жамбыл және Шығыс Қазақстан облыстары 0,05% келеді.

Бұған дейін Энергетика вице-министрі Асхат Хасенов 2024 жылы жер қойнауын пайдаланушылар көмірсутектердің жана кенорындарын табу үшін Қазақстанда 80-нен астам барлау ұңғымаларын бұрғылайтынын айтқан болатын. «Қызылорда облысының кенорындарында мұнай өндірудің жыл сайынғы құлдырауын ескере отырып, биыл мұнай мен газ перспективалы құрылымдарды анықтау мақсатында тереңдігі 5,5 мың метр Торғай-палеозой учаскесінде терең іздегіру ұңғымасын бұрғылау басталады. Сондай-ақ 2024 жылы Каспий теңізінің қазақстандық секторындағы Абай теңіз құрылымында іздеу ұңғымасы бұрғыланады», — деп түсіндірді ол.

Сонымен қатар Каратон учаскесінде (Karaton Operating, тереңдігі — 5,5 мың метр), Адай блогында (Ocean Petroleum, тереңдігі — 6,9 мың метр), Мақсат құрылымында («АЛМЭКС ПЛЮС Фирмасы», тереңдігі — 6,2 мың метр), Сай-Өтес учаскесінде (SINOPEC филиалы, терең-

дігі — 5,25 мың метр) терең ұңғымаларды бұрғылауды бастау мәселелері пысықталуда. Геологиялық барлауға бөлінетін қаражат көлемі де артқан. Мысалға, былтырғы инвестициялар сомасы 152,4 млрд теңгені құраған, бұл 2022 жылмен салыстырғанда 12%-ға артық. Жалпы, бұл көрсеткішті жыл сайын 200 млрд теңгеге дейін жеткізу күтілуде.

## ӘРТАРАПТЫ ЭКСПОРТ

Әйтсе де, өндіріп алған жерасты байлықтың өткізу де үлкен мәселе. Соңғы жылдардағы геосаяси ахуалдар мен мемлекеттер арасындағы шиеленістер тасымал бағыттарына да өзгеріс енгізіп жатыр. Жалпы, Қазақстанның мұнай экспортының көп бөлігі — тәулігіне 1,5 млн баррель Ресей жері арқылы тартылған құбырмен жөнелтіледі. Бұрын одақ кезінде республикамызда өндірілген барлық шикімұнай Атырау — Самара мұнай құбыры арқылы жіберілетін де, ары қарай сату мәселесін Мәскеу өзі шешетін. 2001 жылы жалпы ұзындығы 1 500 шақырымнан (450 шақырымы Қазақстан аумағынан өтеді) асатын Каспий құбыры консорциумын (ККК) іске қосып, барлық проблема шешілгендей болған. Бұл құбыр — қазақ мұнайын Қара теңіздің жағалауындағы Новороссийск портына жеткізетін жалғыз жол.

Алайда ол бағыттың тиімділігі де ұзаққа бармайтындай. Батыстың санкция қыспағында қалған солтүстіктегі көршіміз ККК-ның өткізу мүмкіндігін жиі шектей бастаған. Соған қарамастан, елімізде өндірілетін мұнай экспорты үшін ең тартымды бағыттың бірі осы екені анық. Себебі шамамен алғанда қазақстандық мұнай экспортының 80%-ы осы құбырмен айдалады.

Одан бөлек, Ресейдің жерін басып, Беларусь, Польша арқылы Германиямен байланыстыратын «Дружба» құбыры бар. Биыл біздің ел осы құбыр арқылы Германияға 1,2 млн тонна мұнай (2023 жылы — 993 мың тонна) жеткізбек. Келешектегі жоспар бұл көлемді 2 млн тоннаға арттыру деп жоспарланған. «Кісідегінің кілті аспанда» дегендей, бұл бағыттың да тәуекелі жетерлік.

Үшінші жол — «қара алтынды» Каспий теңізі арқылы жөнелту. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Үкіметке мұнайды Транскаспий дөлізімен (Каспий теңізі арқылы Әзербайжан, Грузия, Түркия мен Еуропа елдеріне апаратын дөліз) экспорттау мәселесін пысықтауды тапсырған болатын.

2023 жылы наурызда Қазақстанның мұнайы алғаш рет теңіз арқылы Әзербайжанға қарай тиеліп кетті. Былтырғы жылдың соңында Ақтау портынан экспортқа шығарылған өнім көлемі 1 057 мың тоннаға жетті. Жауапты министрлік Транскаспий теңіз мұнайын тасымалдауды жылына 7 млн тоннаға дейін ұлғайту мүмкіндік барын мәлімдеген. Бірақ бұл балама жолдың қуатын арттыру үшін де бірқатар жұмыс істелуі қажет. Ең алдымен, жылына 7 млн тоннаға жету үшін мұнай тасымалдайтын заманауи танкерлер керек. Оған қоса, Атыраудан (Теніз бен Қашағанның мұнайы) Каспий теңізіндегі Құрық портына дейін мұнай құбырын салу жоспарда тұр. Сонымен бірге министрлік Каспий түбінде мұнай құбырын салу мүмкіндігін зерттеп.

Дегенмен мұның барлығы — болашақтың жоспары. Аталған жобалар аяқталғанға дейін дәстүрлі бағыт — Ресей жеріндегі құбырларды тиімді пайдалануға тура келмек.

# ТРАНЗИТ ЕЛ ӘЛЕУЕТІН АРТТЫРАДЫ

(Басы 1-бетте)

Кәмила ЕРКІН

Қазір халықаралық деңгейдегі ірі жобалар арқылы еліміздегі теміржолдардың өткізу қабілетін арттыру жоспарланған. Бұл отандық жүк тасымалдау көлемін және Қытайдан Еуропаға транзитті ұлғайтуға мүмкіндік береді. Мәселен, «Достық — Мойынты» учаскесінде екінші жол салу бойынша ірі теміржол жобасы учаскенің өткізу қабілетін бес есе, ал Қытай мен Еуропа арасындағы тасымалдау жылдамдығын күніне 1,5 мың шақырымға дейін арттырады. Көлік министрлігінің мәлімдеуінше, 2023 жылы Қазақстан мен Қытай арасындағы теміржолмен жүк тасымалының көлемі 28,3 млн тоннадан асып, 22%-ға өскен. Дегенмен логистикалық қызметтерге сұраныстың артуы екі ел арасындағы теміржол қатынасының одан әрі дамуына жол ашады. Сондай-ақ 2023 жылдың қараша айында Алматы облысында Алматы стансасын айналдырған теміржол желісінің құрылысы басталған. Ведомство бұл Алматы торабына түсетін жүктемесінің 40%-ға төмендегіп, жүктерді жеткізу уақытын едәуір қысқартатынын жеткізді. Ал былтыр құрылысы басталған 106 шақырымдық «Дарбаза — Мақтарал» желісі Қытайды Орталық Азиямен және Парсы шығанағы елдерімен байланыстырады.

Оның маңыздылығы «Астана» халықаралық қаржы орталығы (АХКО) мамандары да растап отыр. Негізінен, Азия мен Еуропа арасындағы сауда-саттық қатынастардың басым бөлігі теңіз жолдарымен жүзеге асырылады. Орталық сарапшыларының мәлімдеуінше, ЕО, Қытай, Үндістан және Орталық Азияның негізгі ойыншыларының экономикасы өседі, демек инвестициялар мен сауда айналымы артады деп күтілуде. Еуразия континентінің әртүрлі аймақтары арасындағы халықаралық сауда жо-



ғарлайды деген болжам, логистикалық мүмкіндіктерді әртараптандыру арқылы жүк айналымының бір бөлігін құрлық бағыттарына бағыттауы мүмкін.

«Бұл елдер әлемдік экономиканың 40%-ын және әлем халқының 43%-ын құрайды. Пайыздық жағынан ең үлкен өсім Үндістан мен Орталық Азия экономикаларында байқалмақ. Құрлықтағы маршруттар арасында Орта дөліз Орталық Азия үшін маңызды рөл атқарады. Дүниежүзілік банктің болжамына, 2030 жылға қарай Орта дөліз бойынша жыл сайынғы тасымалдау көлемі үш есеге артып, Орталық Азия мен Кавказдың экономикалық өсуі есебінен 11 миллион тоннаға жетуі мүмкін», — делінген баяндамада.

Орталық сараптамасынан еліміздегі жүк тасымалдау көлемі 2014 жылғы 487 миллиард тонна-шақырымнан 2023 жылы 621 миллиард тонна-шақырымға дейін өсіп, он жылға жуық уақыт ішінде 28%-ға артқанын көреміз. Қазақстан Орта дөліз бен Солтүстік-Оңтүстік дөлізінің негізгі хабы ретінде өз мүмкіндіктерін дамытуға айтарлықтай күш салуда. Мәселен, АХКО мәліметтеріне сәйкес, соңғы 15 жылда Қазақстан көлік пен логистикаға 35 миллиард АҚШ долларын инвестициялаған. Сонымен қатар қаржы орталығы еліміздің ЖІӨ-дегі көлік пен логистиканың үлесі 2025 жылға қарай 9%-ға дейін өседі деп болжап отыр.

Үкімет қазірдің өзінде 2,5 мың шақырым жолды жөндеуге және салуға 1 трлн теңгеге жуық инвестиция бағытталатынын атап өтті. Бұл санаты бойынша «жақсы» және «қанағаттанарлық жағдайдағы» республикалық жолдардың үлесін 93%-ға дейін арттыруға, сондай-ақ 24 мың қосымша жұмыс орнын құруға мүмкіндік бермек. Сонымен қатар Еуропалық қайта құру және даму банкі де Орта Азияның көлік инфрақұрылымын едәуір жақсарту үшін қажетті инвестициялардың жалпы көлемін 18,5 млрд еуро деп бағалаған еді. Оның ішінде Қазақстанға қатысты 13 жобаның құны 5,5 млрд еуро болады деп болжаған.

Алайда АХКО сарапшылары «елдің көлік саласының барлық қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін тек инвестициялар мен мәмілелердің реттелген тетігі ғана емес, сонымен қатар тариф белгілеуді жетілдіру, процестерді цифрландыру, мемлекеттік-жекеменшік әріптестік және белсенді халықаралық ынтымақтастық қажет», — деп мәлімдейді. Сондай-ақ күн санап артып келе жатқан жүк ағынының қажеттіліктерін өтеу үшін инфрақұрылымның өткізу қабілетін кеңейту, маркетингтік әдістерге қосымша халықаралық келісімдер керек. Орталық мамандары транзиттік жүктерді тарту саласында бәсекелестіктің жоғары екендігін қарамастан, «Қазақстан бәсекеге қабілетті Құрлық бағытын құра алды» деп бағалайды.

Өз кезегінде бұл жайт теміржол саласындағы қаржылық жағдайға да жағымды әсер еткенін көреміз. Мәселен, жыл басында Мемлекет басшысының қабылдауы кезінде «Қазақстан темір жолының» басқару торағасы Нұрлан Сауранбаев соңғы үш жылда мекеменің негізгі өндірістік көрсеткіштері арқанын мәлімдеген еді. Атап айтқанда, былтыр жүк айналымы 7 пайызға артып, 270 миллиард тонна-шақырымға жеткен. Ал транзиттік тасымалдау көлемі 18 пайызға ұлғайып, 27 миллиард тоннадан асқан. Нә-

тижесінде, компанияның кірісі өткен жылмен салыстырғанда 29,3 пайызға өсіп, 1,9 триллион теңгені құрады. Компания 154 миллиард теңге таза пайда тапты. Бұл 2022 жылмен салыстырғанда төрт есе көп өрі компанияның рекордтық көрсеткіші саналады.

Ал биылғы көрсеткіштер әзірге көңіл көншітерлік емес. Finprom сараптама орталығының мәлімдеуінше, жылдың алғашқы тоқсанында теміржол көлігімен жүк тасымалы 96,9 млн тоннаны құраған. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 3,5%-ға аз. «Бірінші тоқсанда жүк айналымы 75,9 млрд тонна-шақырымға жетті. Бұл көрсеткіш өткен жылмен салыстырғанда 7,4%-ға қысқарған. Павлодар облысындағы жүк айналымы 10,6 млн тоннаға жетіп, ең үлкен көрсеткіш көрсетті. Одан кейінгі орында — Астана (10,5 млн тонна) және Ақтөбе облысы (8,8 млн тонна). Теміржол көлігімен жүк тасымалдаудың ең аз көлемі Түркістан облысында байқалды: 966,9 мың тонна», — делінген баяндамада. Оған көктемгі төтенше жағдайда су тасқыны орын алған аймақтарға темір жол арқылы қажетті техниканы жеткізу де әсер еткен сынайлы. Қалай болғанда да еліміздегі теміржол инфрақұрылымы қайта жаңғыртылып, жылжымалы құрамды пайдалану тиімділігін арттыру бойынша шаралар қабылданады. Нәтижесінде, көліктік-логистикалық әлеует есебінен еліміздің Орталық Азиядағы рөлі артып келеді.





Рафхат Тайкенжин – облыс шекарашылары арасында тұңғыш рет «Ерлігі үшін» медалін алып отырған адам. Қазақстан тәуелсіздігі жылдарында Батыстан бірде-бір шекарашы «Ерлігі үшін» төсбелгісін алмаған.

Жұрт ұйқыда жатқанда ел шетін кірпік қақпай күзететін шекарашылардың еңбегі ерлікпен пара-пар. Ұлттың тұтастығы мен қауіпсіздігі осы шекарашылардың қолында. Өмірін қауіпке тіге жүріп біздің шекарашылар қоғам өміріндегі басқа да оқиғаларға араласып жатады.

БКО Жәнібек ауданы Ұзынкөл ауылында былтырғы тамыз айында полиция

бөлімшесіне 3 жасар қыз баланың жоғалып кеткені туралы хабарлама түседі. Бүлдіршінді іздеуге дереу полиция мен еріктілер, ауыл тұрғындары жұмылдырылады. Кешкі 8-ден бастап түнгі 11-ге дейін жүргізілген іздеу нәтижесіз болып, ауыл тұрғындары шарасыз күйге түсе бастайды. Осы кезде «іздеу жұмысына шекарашылар қосылсын» деген бұйрық бойынша Жәнібек аудандық шекара заставасының шекарашылары 3 жасар бүлдіршінді іздеуге кірісіп кетеді. Іздеу жұмыстарын бастамас бұрын Рафхат Тайкенжин Айарудың киімдерін алып, оны қызметтік иті Ройтерге

## ШЕКАРАШЫНЫҢ ӘР КҮНІ – ЕРЛІК

Рафхат Тайкенжин шекара сапында 2012 жылдан бері қызмет атқарады. Ол – Батыс Қазақстан облысы Жәнібек ауданы Жәнібек басқармасы «Қайрат» заставасының аға нұсқаушысы. Рафхат 2023 жылы жазда анасынан адасып қалып, жоғалып кеткен үш жасар Айару есімді қызды тауып, ата-анасына аман-есен табыстаған болатын. Осы ерлігі үшін шекарашы жігіт «Ерлігі үшін» төсбелгісімен марапатталды.



іскетеді. Иә, бұл қызметтік итадамның ізіне иіс бойынша түседі. Осылайша, Рафхат өзі қолына Айарудың киімін алып, итін ертіп ауылды шарлап кетеді. Осы кезде ізге түскен ит шекарашыны

далаға қарай сүйрей береді. Өзі жастайынан алып, үйретіп, тәрбиелеп алған төрт аяқты серігіне сенген шекарашы ит жетелеген бағытқа еріп жүре беріпті.

– Ройтер ізге түсті. Ол Айару жүріп өткен із бойынша иіспен жүрді. Олар өте сезімтал болады. Сол ізбен ол мені далаға алып барды. Мен итке еріп әрі жүгірдім, бері жүгірдім. Шамамен 6 шақырымдай жүрген болармыз. Бір мезетте Ройтер мені каналға қарай жетелей бастады. Каналдың түбіне келген бойда Ройтер үріп белгі берді. Жақындап қарасам, Айару екен. Қатты қорқып қалған. Сол күні күн қатты суық болды. Әсіресе, түн мезгілі кәдімгі ызғарлы еді. Айару қатты тоңып қалыпты. Қып-қызыл болып кеткен. Мен кішкентай бүлдіршінді дереу өзімнің қызметтік киіміме орап алып, ауылға тартып отырдым. Айаруды тапқанда сағат таңғы 4 еді, – деп еске алады сол күнді шекарашы Рафхат Тайкенжин.

Шекарашы қыз баланы дереу полиция бөлімшесіне алып келеді. Сол жерде бүлдіршінді дәрігерлер қарап, оның аман-сау екеніне көз жеткізіп, анасына табыстайды. Көпшілікті қыз бала қалай жоғалып кетті деген сұрақ мазалайды.

Шекарашының айтуынша, Әйел адам қонақтан келе жатып, жолшыбай таксиге отырады. Ауыл маңында таксиден түсіп өзі үйіне кетіп қалған. Әйел адам қызым еріп келе жатыр деп ойлап, қызды іздемеген. Бір мезетте ғана қызының жоқ екенін біліп, дабыл қаққан.

– Отан қорғау – абыройлы міндет. Біздің бөлімшедегі әрбір қызметкер мұны терең сезінеді. Бөлімше ішіндегі темірдей тәртіп бәрін маңызды. Әркім өз жұмысын жақсы біледі. Бір қарағанда шекарашылардың өмірі бір сарынмен өтіп жатқан бөлек бір әлем секілді көрінетін шығар. Алайда олай емес. Шекара маңында болған әрбір жағдай назарымыздан тыс қалмайды. Қарауымызда із кесуге машықтанған иттер бар. Өзім бір ерекше ерлік жасадым деп есептеймін. Менің орнымда болса барлық адам осы бүлдіршінді тауып, анасына табыстар еді. Маған ол бүлдіршінді табуға көмектескен Ройтер есімді итім ғой, – деп күлді шекарашы Рафхат.

Рафхат негізінен осындай қызметтік иттерді жаттықтырумен айналысады. Ройтер де Рафхаттың өзі жаттықтырған сенімді серігі.

Олардың өмірі күнделікті қарбаласқа толы. Шекараны заңсыз кесіп өтпекші болғандарды ұстау, анықтау жұмыстары үздіксіз жүреді. Кешегі су тасқынында да шекарашылар шебі қалтқысыз қызмет етті. Өңірдегі шекарашылардың бәрі бөгет соғу жұмыстарына жұмылдырылды.

Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА,  
Батыс Қазақстан облысы

## ТЕМІРЖОЛ АУМАҒЫ САЯБАҚҚА АЙНАЛАДЫ

Шымкентте балалар теміржолы бар. Ол 1979 жылы сол кездегі өңір басшысы Асанбай Асқаровтың тікелей басқаруымен салынып, 1980 жылы халықаралық балалар жылы қарсаңында пайдалануға берілген. Балалар теміржолына Ғани Мұратбаев есімі беріліп, қаншама жыл қаланың мақтанышы ретінде жұмыс істеді.



Теміржол ұзындығы 6 шақырымға жуық. Бір нүктеден екінші нүктеге жету, шынайы теміржол нұсқаларына ұқсастығы жағынан оған тең келер нұсқа елімізде жоқ. Балалар теміржолы бірнеше рет қайта жаңғыртылып, іске қосылған. Локомотив пен вагондар сәбилер тасымалына қабілетті болғанымен, семафорларды жаңғырту, жолдың екі жағындағы қорған зонасын тазарту, рельстер мен шпалдарды түгелімен тексеруден өткізіп, жарамсыздарын ауыстыру, жетпей тұрған нұсқаларды салу сияқты үлкен жұмыстар бар. Өкінішке қарай, үшінші мегаполиске келген әрбір басшы балалар теміржолының жаңғыртылуы бойынша мәселе көтеріп, соны сиырқұйым-шақтанып кететін.

Шымкент қаласының әкімі Ғабит Сыздықбеков нысанның қайта қалпына келтірілмейтіні жөнінде айтып, бұл мәселеге нүкте қойды. Есесіне енді балалар теміржолының аймағы демеушілер есебінен жаңа серуен аймағына айналмақ. Бүгінде үшінші мегаполистегі жаңғыртылып, жанарып жатқан жобалардың басым бөлігі демеушілердің көмегімен жүзеге асырылып отыр. Шымкенттегі балалар теміржолының бойынан да дәл солай демеушілер көмегімен рельстер алынып, оның орнына заманауи талаптағы веложол, жаяу жүгіру жолдары, бірнеше воркаут алаңы салынып, жан-жағы көгалдандырылатын болады. Қала әкімі Ғ. Сыздықбеков А.Асқаров атындағы дендробактан бастау алған балалар теміржолын аралап көрді. Ұзындығы 6 шақырымды құрайтын балалар теміржолы дендросаябақ маңындағы «Тұлпар» және К.Мұнайтыпасов атындағы орталық стадиондағы «Спорт» стансаларын байланыстырған. Бұған дейін теміржолдың жұмысы бірнеше рет тоқтатылған. 2010 жылы қайырымдылыққа қаралған қаржы есебінен қайта іске қосқан. Дегенмен локомотив көп ұзамай толық істен шығып, депоға қойылған. Ал 2013 жылы қалалық прокуратура балалар теміржолының қауіптілігін ескере оты-

рып, пайдалануға тыйым салған-ды. Сонымен қатар мамандар ондай локомотивтер өндірісте жоқ екенін, ал арнайы тапсырыспен жасату өте қымбатқа шығатынын мәлімдеп отыр. Ғабит Әбдіжамитұлы мемлекет қаржысы, қала бюджеті қаладағы жоспарлы және кезек күттірмейтін мәселелерді шешуге бағыттала-тынын, ал балалар теміржолының бойын жаңғыртуға арналған жоба демеуші-лердің қаржысына жүргізілетінін атап өтті.

«Шымкентте бұған дейін де бірнеше жоба демеушілер есебінен жанарып,



халық игілігіне берілген болатын. Біз қала бюджетін халықтың әлеуметтік жағдайына септігі тиетін маңызды жобаларға бағыттап, тиімді игеруді көздеп отырмыз. Атап айтар болсақ, жаз мезгілінде тоқтап қалатын ыстық су мәселесі, ауызсу, ирригация және көріз жүйесі жүргізілмеген аудандар бар, осындай халыққа бірінші қажет жобаларға жұмсаймыз. Ал балалар теміржолын қайта жаңғыртып, локомотивке

тапсырыс беру мәселесі де мамандармен талқыланды. Алайда ол экономикалық тұрғыдан тиімсіз екені, ондай локомотивтің өндірісте болмауына байланысты арнайы тапсырысты орындау қымбатқа түсетінін бұған дейін де айтылды, – дейді Ғабит Сыздықбеков.

Теміржолдың жағдайымен таныстыра келе қала әкімі жан-жақты зерделенгенін, серуендеушілерге қауіпсіз аймақ болатынын айтты. Арғынбеков-Бәйдібек би жолайрығын салу кезінде теміржолдың бір бөлігі бұзылғанын ескерген қала басшысы жауаптыларға жаяу жүргіншілер жолын ыңғайлы етіп салуды тапсырды. Сондай-ақ екі станса орнын жаяу жүргіншілерге қажетті заттарды сатуға шағын кәсіп иелеріне бергелі отыр.

Айта кетейік, бұған дейін қала тұрғындары арасында мемлекет және қоғам қайраткері Асанбай Асқаровтың қолтаңбасы қалған балалар теміржолының өзгеруі кереғар пікір тудырған болатын. Алайда қала әкімі Ғ. Сыздықбеков локомотивтердің ескерткіш ретінде пайдаланылып, теміржол бойының заман талабына сай өзгертіліп, ел игілігіне берілетінін алға тартты. Әсіресе, 1980 жылдан бері қаланың орналасуында да көптеген өзгеріс болып, балалар теміржолының бойында қаладағы көлік қозғалысын жеңілдетуге арналған жоларықтар салынғанын да ескерген жөн. Қала жұртшылығының белсенді демалуына, саламатты өмір салтын ұстануына арналған жоба жақын арада пайдалануға беріледі деп күтілуде.

Сонымен қатар мегаполис басшысы осы күні Тәуке хан даңғылындағы жаяу жүргіншілер тротуарларының жағдайымен танысты. Қала тұрғындары қыс мезгілінде тротуар плиталарының қозғалысқа қауіптілігіне бірнеше рет шағым-

данған. Тұрғындардың шағымын ескере отырып, сауалнама жүргізілген. Сауалнамаға қатысқандардың 90 пайызы тротуар плиталарын асфальт төсемімен ауыстыруды қолдаған. Осыған байланысты қала әкімі жаяу жүргіншілерге арналған тротуарларды асфальттау бойынша шешім қабылдады.

Назгүл НАЗАРБЕК,  
Шымкент қаласы



## ҚАРҒЫН СУ ҚАТЕЛІКТІ КЕШІРМЕЙДІ

Биылғы көктемде аспаннан тамшы су тамса үреймен отыратын күйге түстік. Олай дейтініміз, су айдындары арнасынан асып, су астында қалған үйлерді көріп жүрек шайлығып бітті. Содан жауын жауса болды, жамбылдықтар да буынып-түйініп отыратын күйге түсті. Жуырда ғана Жасөскер ауылындағы үй аулаларын су алған жағдай жұртты алаңдатқан еді. Ал күні еше Меркі ауданындағы өзендерді тасу алдында тұрған видеосы тұрғындарды тағы сескендіріп тастады.

Десе де, оқиға орнына жергілікті билік өкілдері дер кезінде жетіп, бұқараға басу айтты. Өзендердің арнасын аралап көріп, ауылдарға қауіп төнбейтініне сендірді.

«Казгидромет» РМК өңірлік филиалының мәліметінше, Жамбыл облысында 2024 жылғы 10-13 мамыр аралығында қатты жаңбыр жауады деп болжанған. Бүгінде су тасқыны жағдайы тұрақты.

Алайда жауын-шашынның салдарынан Меркі өзеніндегі су деңгейі көтерілді. 10 мамыр сағат 20:00-ден бастап Меркі өзенінің арнасы бойынша жергілікті атқарушы органдар мен Төтенше жағдайлар департаментінің жедел тобы қызметкерлерінің тәулік бойы кезекшілігі ұйымдастырылуда. Су айдындарының жай-күйі мен толуына үздіксіз мониторинг, бақылау шаралары атқарылуда.

Жамбыл облысының әкімі Ербол Қарашөкеевтің тапсырмасы бойынша облыс әкімінің орынбасары К. Мәдібек, ТЖД бастығының орынбасары Е. Ақылбеков және басқа да жауапты лауазымды тұлғалар оқиға орнына жедел түрде жолға шықты.

«Су қоймалары пайдалану ережелеріне сәйкес жұмыс істеуде», – деген облыс әкімдігі ресми ақпарат таратты.

Демек, өзеннің арнасынан асуы Меркі ғана емес, Т. Рысқұлов ауданына да қауіп төндірген екен. Сондықтан халықтың дүрлігуі орынды. Осы орайда аудандағы қазіргі жағдайды білмек мақсатта Меркі ауданының әкімдігіне хабарластық.

«9-10 мамыр күндері күннің күрт жылуына және 11-12 мамыр күндері шамадан тыс мөлшерде жауын-шашынды болуына байланысты Меркі және Аспара өзендеріндегі су деңгейі көтерілді. Су тасқынының алдын алу мақсатында аудан әкімдігі мен аудандық төтенше жағдай бөлімінің шұғыл түрде бірлескен іс-қимылдар жоспарын жасап, төтенше жағдайлар бөлімі және жауапты мекемелердің қызметкерлері мен техникалары жұмыс атқарды. Меркі өзені бойындағы С. Сейфуллин және Ә. Исмаилов көшесі

бойындағы автожол көпірлеріне күшейту жұмыстары жүргізілді. Меркі ауданы бойынша 5 дана мотопомпа және 2000 дана қап, 120 дана қурақ дайындалып, ауылдық округтерден ерікті жасақтар құрылды. Суденгейінің көтерінуіне байланысты өзен арнасындағы тал-тарактарды тазалау жұмыстары жүргізіліп, өзен арнасында судың кедір-кідірісіне кетуіне жағдай жасалды. Нәтижесінде, төтенше жағдайлар болған жоқ», – дейді Меркі ауданы әкімінің баспасөз қызметі.

Бұл ақпаратқа сүйенсек, қауіптің беті күш жұмылдыру арқылы ғана қайтарылған екен. Демек, тиісті шаралар дер кезінде атқарылмаса, оның арты не боларын ойлаудың өзі қиын.

Меркіліктердің айтуынша, 11 мамыр күні Меркі өзеніндегі судың көлемі секундына 25 текше метр, ал Аспара өзенінің су көлемі 11 текше метрге дейін жеткен екен. Алайда 12 мамыр күнгі ақпарат бойынша Меркі өзеніне түскен су көлемі секундына 8 текше метрге, Аспара өзенінде 5 текше метрге төмендеген. Осылайша, қауіптің беті сейіліп отыр.

Дегенмен Меркі мен Аспара өзендері жіті бақылауға алынып, коммуналдық мекемелер штаттық режимде жұмысты жалғастырауда. Жағдай аудан әкімінің тікелей бақылауына қойылған.

Бұдан бөлек, Меркі ауданы бойынша төтенше жағдайлардың алдын алу және салдарын жою мақсатында шұғыл әрекет ету жасақтары құрылған. Ол жасақ 60 адам және 22 арнайы техникадан тұрады.

Әрине, апат айттып келмейді. Сондықтан төтеншеліктердің қандай жағдайға болмасын сақ отырғанын қуантады. Алайда босансуға негіз жоқ. Жауаптылар Меркі мен Т. Рысқұлов қана емес, өзге аудандардағы жағдайды да тұрақты бақылауда ұстап отыр деп сенеміз. Өйткені қарғын су қателікті кешірмейтінін анық көрсетті.

Саятхан САТЫЛҒАН,  
Жамбыл облысы

# МАМАН ТАПШЫЛЫҒЫ ҚОЛДЫ БАЙЛАП ТҮР

**Ақмола облысында ветеринар тапшылығы мәселесін шешуге ниетті атқамінер байқалмайды. Ветеринар мамандардың жетіспей жатқаны биыл қыста қатты сезілді. Бірнеше ауылда қалт-құлт еткен малдың жай-күйін қарауға жалғыз өзі қалған ветеринар мамандардың шамасы жетпегендіктен, аман алып қалуға болатын малдың өзі де пышаққа ілініп не арам өлген.**

— Осы маңдағы үш-төрт ауылды бір ветеринар маман қарайды. Малы ауырған жұртқа шауып жөнеледі. Күн-түн демейді. Жұттан кейін ветеринарлардың жетіспеуінен біраз мал өліп қалғанын көзімізбен көрдік. Бірақ қолдан келер қайран жоқ, — дейді Васильков ауылының тұрғыны Темірбек Ғалымов.

Деректерге сенсек, Ақмола облысында жалпы саны 89 мал дәрігері жетіспейді. Мұндағы Макинск қаласында елдегі ең ірі құс фабрикасының ашылуынан кейін кадр тапшылығы 50 пайыз деңгейден асып жығылыпты. Сондай-ақ Степногорск қаласы мен Жаксы ауданында — 65 пайыз, Жарқайың мен Астрахан аудандары — 67 пайыз және Целиноград ауданы 68 пайыз ғана мал дәрігерімен қамтылған.

Облыста ветеринар жетіспеушілігі аса өткір тұрғанын ветеринария басқармасы да мойындайды. Ведомствонның мәліметінше, бүгінге дейін ауылды жерлерде жұмыс істейтін ветеринар мамандарды әлеуметтік қолдау мәселесі де шешімін таппаған.

«25 пайыз үстемекі ретінде әлеуметтік қолдау азаматтық қызметкерлерге ғана көрсетіліп келеді. Ал ветеринарлық стансалар мен ветеринарлық пункттерде қызмет атқаратын мамандарға мұндай көмек қарастырылмаған. Ветеринарлық

стансалардың формасы шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны ғана», — дейді Ақмола облысы ветеринария басқармасы басшысының орынбасары Ағыбай Сыздықов.

Басқарма басшысы орынбасарының айтуынша, ведомство орталық органдарға Еңбек кодексіне өзгерістер енгізу туралы бірнеше мәрте жүгінген. Алайда ешқандай шара қабылданбаған.

— Кадр тапшылығы мәселесін шешу мақсатында жыл сайын жақын маңдағы оқу орындарына жас мамандарды тарту үшін арнайы барамыз. Облыста соңғы үш жылда «Дипломмен ауылға» бағдарламасымен 86 ветеринар жұмысқа қабылданды. Бюджеттік несие арқылы 36 маман жалпы сомасы 101,4 миллион теңге алды. 50 маман 11,6 миллион теңге сомасында бірреттік жәрдемақы алды. Биыл 13 жас ветеринар маман жұмысқа қабылданды, — дейді Ағыбай Сыздықов.

Дегенмен жас мамандар ауылда тұрақтамайды екен. Коммуналдық мекемеде жұмыс істегендіктен көпшілігі жеке компанияларға ауысып, бірқатары өз қызметін мүлдем ауыстырып саладан кетіп қалған.

— Мәселен, 2022 жылы Астана қаласындағы аграрлық университетте ветери-



нария мамандығын бітірген 110 түлектің 39-ы ғана мамандығы бойынша жұмысқа орналасқан. Былтыр бітіріп шыққан мамандардың 51 пайызы ғана мал дәрігері болып жұмысқа кіріпті. Бұл саланың күрделі жағдайда екенін айғақтап тұр, — деп толықтырды Ағыбай Кокышұлы.

Жас мамандар тұрақтамауы салдарынан сала мамандарының қартайып бара жатқаны да байқалған. Облыста ветеринарлардың орташа жасы 55 жасқа жетіп жығылған. Ал оны алмастырар жас мамандар мүлдем жоқ.

Ведомство мәліметінше, былтыр облыстық бюджеттен мамандарды тарту

үшін жоғары оқу орындарына «Ветеринарлық медицина» мамандығына бес бюджеттік білім беру гранты бөлінген. Бірақ оның қорытындысы бойынша, басқарма басшылығы үш талапкерді өзгертуге жоғары оқу орнында екі маман ғана оқуға барған. Ветеринар мамандығы жалақысының төмендігіне байланысты жастар жоламай қойған.

— Жастарды тарту үшін жоғары оқу орындары мен техникалық оқу орындарын жақсы жалақы, тұрғын үй мен көтермеақыммен қызықтыру керек. Мәселен, ауылдық жердегі мұғалімдердің жа-

лақысы 700 мың, дәрігерлерде 640 мың, ал ветеринарларда бар-жоғы 230 мың теңге ғана. Мұндай төмен жалақы үшін жоғары оқу орнын бітірсе де олар күзетші немесе дүкенші болып кетіп жатыр, — дейді Ағыбай Кокышұлы.

Ведомство мәліметінше, ветеринарлық стансалардың материалдық базасы да өбден тозған. Мамандар жұмысына қажет жаңа техника, көлік, арнайы құрал-жабдықтар мен компьютер жоқ. Ал оған қажетті қаражат облыс бойынша 3,6 миллиард теңгеге жеткен.

— Біз қауіпті аурулар мен індет болса қолдағы бар мал басын егу және диагностикадан өткізуге аурудың алдын алуға толықтай қамтамасыз ете алмаймыз. Кадр тапшылығы біздің қолымызды байлап отыр. Егер бұлай жалғаса берсе, өңірдегі эпидемиологиялық жағдай ушыға түспек. Кадрлар тапшылығының тікелей және жанама әсері өте көп. Мәселен, былтыр Жарқайың ауданында Сібір жаранының жаппай таралып кетуі — осының айғағы, — дейді Ағыбай Сыздықов.

Облыста қазір жалпы штаттық кесте бойынша 716 ветеринар болса, өңірде іс жүзінде тек 616 маман істеп жатқан болып шықты. Түйтікіл саланы біржола тығырыққа тірейтіні ақиқатқа айналып барады. Бұл құзырлы министрлік пен Үкіметтен дереу арада шешім қабылдап, тиісті реформалар жүргізуді қажет ететіні көрсетеді.

Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ,  
Ақмола облысы

## Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Мәдениет комитеті «Қазақстан Республикасының Ұлттық музейі» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны директорының бос лауазымына байқау жариялайды.

**Байқауға қатысушыларға қойылатын жалпы біліктілік талаптары:**

**1. Орналасқан жері, пошталық мекенжайы, телефон нөмірі, көрсете отырып, кәсіпорынның атауы, оның негізгі қызметінің қысқаша сипаттамасы:**

«Қазақстан Республикасының Ұлттық музейі» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны Астана қаласы, Тәуелсіздік даңғылы, 54 ғимарат мекенжайында орналасқан, тел. 8 (7172) 91-90-35.

Кәсіпорын қызметінің мәні мәдениет саласында қызметті жүзеге асыру болып табылады.

Кәсіпорын қызметінің мақсаты оның құрамына кіретін тарихи-мәдени мұра объектілерін және олар орналасқан аумақтарды анықтау, зерделеу, қорғау және сақтау, түпнұсқалы мұражай коллекциялары негізінде көркем және ғылыми экспозицияларды жасау және оларды кеңінен тарату болып табылады.

**2. Байқауға қатысушыларға қойылатын талаптар:**

Кадрларды дайындау бағыттарының бірі: педагогикалық ғылымдар (жалпы дамудың пәндік мамандандырылған мұғалімдерін даярлау, жаратылыстану пәндері бойынша, гуманитарлық пәндер бойынша, тілдер және әдебиет бойынша мұғалімдер даярлау) және/немесе өнер және гуманитарлық ғылымдар және/немесе әлеуметтік ғылымдар, журналистика және ақпарат және/немесе бизнес, басқару және құқық және/немесе инженерлік, өңдеу және құрылыс саласы және/немесе ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және/немесе жаратылыстану ғылымдары, математика және статистика және/немесе қызметтер (туризм, мәдени-тынығу жұмысы) бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім.

Мәдениет саласында немесе басшылық лауазымдарда 5 жылдан кем емес, немесе Президенттік жастар кадр резервіне алынған адамдар үшін 5 жылдан кем емес, немесе Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы білім беру ұйымдарында жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша немесе Жұмыс органы бекітетін басым мамандықтар бойынша шетелдік жоғары оқу орындарын аяқтаған адамдар үшін және кадрларды дайындау бағыттарының бірі: педагогикалық ғылымдар (жалпы дамудың пәндік мамандандырылған мұғалімдерін даярлау, жаратылыстану пәндері бойынша, гуманитарлық пәндер бойынша, тілдер және әдебиет бойынша мұғалімдер даярлау) және/немесе өнер және гуманитарлық ғылымдар және/немесе әлеуметтік ғылымдар, журналистика және ақпарат және/немесе бизнес, басқару және құқық және/немесе инженерлік, өңдеу және құрылыс саласы және/немесе ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және/немесе жаратылыстану ғылымдары, математика және статистика және/немесе қызмет көрсету (туризм, мәдени-тынығу жұмысы) бойынша ғылыми дәрежесі бар адамдар үшін мәдениет саласында немесе басшы лауазымдарда 4 жылдан кем емес болуы тиіс.

**3. Лауазымдық міндеттері:**

Мекеменің өндірістік, әкімшілік-шаруашылық және қаржылық-экономикалық қызметіне басшылық жасайды, ұйым мүлкін сақтау және тиімді пайдалануды бақылауды жүзеге асырады, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі жұмысты ұйымдастырады; ұйымның саясаты мен стратегиясын белгілейді, оның бөлімшелерінің музей қорын қалыптастыру, сақтау бойынша, сондай-ақ Қазақстан Республикасының тарих және мәдениет ескерткіштерін мемлекет және қоғам мүддесі үшін қорғау және пайдалану бойынша жұмысын үйлестіреді; музейдің (музей-қорықтың) жоспарларын, бағдарламаларын мен жобаларын жасау және жүзеге асыруға басшылық етеді, қызмет бағыттары бойынша олардың орындалуы жөнінде құрылымдық бөлімшелердің жұмысын үйлестіреді; ғылыми-зерттеу қызметіне жетекшілік етеді. Қазақстан халқының мәдени құндылықтарын, тарихи-мәдени мұрасын насихаттау мен дәріптеуге бағытталған іс-шаралардың өткізілуін қамтамасыз етеді; Қазақстан Республикасының және

шетелдердің мәдениет және өнер ұйымдарымен ынтымақтастықты қамтамасыз етеді; ұйымды білікті кадрлармен қамтамасыз ету, олардың кәсіби білімдері мен тәжірибесін дамыту, еңбек жағдайларын жасау, ұжымда жайлы психологиялық ахуалды қалыптастыру бойынша шараларды қолданады; директордың орынбасарлары, құрылымдық бөлімшелер мен филиалдардың жетекшілері мен мамандары арасында жұмыстың жеке-кейі бағыттарын бөледі; шарттарды жасайды және бұзды, мәмілелер жасайды, сенімхаттар береді, қажетті есептілікті ұсынуды қамтамасыз етеді, бұйрықтар шығарады, сотта, мемлекеттік органдарда және өзге ұйымдарда ұйымның мүддесіне өкілдік етеді; еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау, өрт қауіпсіздігі талаптарының орындалуын бақылауды қамтамасыз етеді.

**4. Білуге тиіс:**

Қазақстан Республикасының Конституциясын; Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіні; Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіні; Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіні; «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасының кодексіні; Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіні; Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексіні; «Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы», «Мәдениет туралы», «Мемлекеттік мүлік туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы», «Мемлекеттік сатып алулар туралы», «Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану туралы» Қазақстан Республикасының заңдарын; дәрігерге дейінгі медициналық көмек көрсету қағидаларын, ішкі еңбек тәртіптемесінің, еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау бойынша, өндірістік санитария, өрт қауіпсіздігі талаптарының тәртібін.

**5. Байқауға қатысуға үміткер тұлға байқау өткізу туралы хабарландыруда көрсетілген мерзімде мынадай құжаттарды ұсынады:**

- 1) байқауға қатысу туралы өтініш;
- 2) мемлекеттік және орыс тілдерінде түйіндеме;
- 3) еркін нысанда жазылған өмірбаян;
- 4) білімі туралы құжаттардың көшірмелері (қосымшалармен);
- 5) еңбек кітапшасының (ол болған кезде) немесе еңбек шартының көшірмесі не соңғы жұмыс орнынан жұмысқа қабылданғаны және еңбек шартының тоқтатылғаны туралы бұйрықтардың көшірмелері немесе жұмыскердің еңбек қызметі туралы мәліметтер қамтылған архивтік анықтамалар;
- 6) 075/у нысан бойынша денсаулық жағдайы туралы анықтамалар;
- 7) жеке куәліктің көшірмесі;
- 8) адамның сыбайлас жемқорлық қылмыс жасағаны туралы мәлімет (кандидат EGOV арқылы алады).

Байқауға қатысушы өзінің біліміне, жұмыс өтіліне кәсіби даярлық деңгейіне қатысты қосымша ақпаратты (біліктілігін арттыру, ғылыми дәрежелер мен атақтар беру ғылыми жарияланымдар туралы құжаттардың көшірмелері, сондай-ақ бұрынғы жұмыс орнының басшылығынан ұсынымдар және т.с.) бере алады.

Байқауға қатысу үшін құжаттарды қабылдау хабарландыру бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған сәттен бастап 15 (он бес) күн ішінде 2024 жылғы «14» мамырдан бастап 2024 жылғы «28» мамырға дейін жүргізіледі.

**6. Байқауға өткізілетін күні мен орны:** Астана қаласы, Мәңгілік ел даңғылы, 8 «Министрліктер үйі» ғимараты, 14 кіреберіс.

Әңгімелесуді өткізу күні байқауға қатысушыларға қосымша хабарланатын болады.

Құжаттар қолма-қол немесе пошта арқылы: Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Мәңгілік ел даңғылы, 8, «Министрліктер үйі» ғимараты, 14-кіреберіс, 676 кабинет мекенжайы бойынша қабылданады.

Толық ақпаратты +7 (7172) 74-04-59 телефондары бойынша алуға болады.

## Комитет культуры Министерства культуры и информации Республики Казахстан объявляет конкурс на вакантную должность директора Республиканского государственного казенного предприятия «Национальный музей Республики Казахстан»

**Общие квалификационные требования к участникам конкурса:**

**1. Наименование предприятия с указанием местонахождения, почтового адреса, телефона, краткое описание его основной деятельности:**

Республиканское государственное казенное предприятие «Национальный музей Республики Казахстан»: находится по адресу: г. Астана, проспект Тауелсіздік, 54 з.д., тел. 8 (7172) 91-90-35.

Предметом деятельности предприятия является осуществление деятельности в области культуры.

Целью деятельности предприятия является выявление, изучение, охрана и сохранение входящих в его состав объектов историко-культурного наследия и связанных с ними территорий, создание на основе подлинных музейных коллекций художественных и научных экспозиций и их популяризация.

**2. Квалификационные требования к кандидатам:**

Высшее (или послевузовское) образование по одному из направлений подготовки кадров: педагогические науки (подготовка учителей с предметной специализацией общего развития, по естественнонаучным предметам, по гуманитарным предметам, по языкам и литературе) и/или искусство и гуманитарные науки и/или социальные науки, журналистика и информация и/или бизнес, управление и право и/или инженерные, обрабатывающие и строительные отрасли и/или информационно-коммуникационные технологии и/или естественные науки, математика и статистика и/или услуги (туризм, культурно-досуговая работа).

Стаж работы не менее 5 лет в сфере культуры или на руководящих должностях, либо не менее 5 лет для лиц, зачисленных в Президентский молодежный кадровый резерв, либо не менее 4 лет в сфере культуры или на руководящих должностях для лиц, завершивших обучение по программам послевузовского образования в организациях образования при Президенте Республики Казахстан или в зарубежных высших учебных заведениях по приоритетным специальностям, утверждаемым Рабочим органом, и для лиц, имеющих ученую степень по одному из направлений подготовки кадров: педагогические науки (подготовка учителей с предметной специализацией общего развития, по естественнонаучным предметам, по гуманитарным предметам, по языкам и литературе) и/или искусство и гуманитарные науки и/или социальные науки, журналистика и информация и/или бизнес, управление и право и/или инженерные, обрабатывающие и строительные отрасли и/или информационно-коммуникационные технологии и/или естественные науки, математика и статистика и/или услуги (туризм, культурно-досуговая работа).

**3. Функциональные обязанности:**

Руководит производственной, административно-хозяйственной и финансово-экономической деятельностью учреждения, осуществляет контроль над сохранностью и эффективным использованием имущества организации, организует работу по борьбе с коррупцией; определяет политику и стратегию деятельности организации, координирует работу его подразделений по формированию, хранению, музейного фонда, а также, охраны и использованию памятников истории и культуры Республики Казахстан в интересах государства и общества; руководит разработкой и осуществлением планов, программ и проектов музея (музея-заповедника), координирует работу структурных подразделений по их выполнению по направлениям деятельности; руководит научно-исследовательской деятельностью, обеспечивает проведение мероприятий, направленных на пропаганду и популяризацию культурных ценностей, историко-культурного наследия народа Казахстана; обеспечивает сотрудничество с орга-

низациями культуры и искусств Республики Казахстан и зарубежных стран; принимает меры по обеспечению организации квалифицированными кадрами, развитию их профессиональных знаний и опыта, созданию условий труда, формированию благоприятной психологической атмосферы в коллективе; распределяет отдельные направления работы между заместителями директора, руководителями и специалистами структурных подразделений и филиалов; заключает и расторгает договоры, совершает сделки, выдает доверенности, обеспечивает представление необходимой отчетности, издает приказы, представляет интересы организации в суде, государственных органах и организациях; обеспечивает контроль за осуществлением требований безопасности и охраны труда, противопожарной безопасности.

**4. Должен знать:**

Конституцию Республики Казахстан, Трудовой кодекс Республики Казахстан, Гражданский кодекс Республики Казахстан, Бюджетный кодекс Республики Казахстан, Кодекс Республики Казахстан «Об административных правонарушениях», Предпринимательский кодекс Республики Казахстан, Административный процедурно-процессуальный кодекс Республики Казахстан, Законы Республики Казахстан: «Об авторском праве и смежных правах», «О культуре», «О государственном имуществе», «О противодействии коррупции», «О государственных закупках», «Об охране и использовании объектов историко-культурного наследия», правила оказания доврачебной медицинской помощи, порядок внутреннего трудового распорядка, по безопасности и охране труда, производственной санитарии, требования пожарной безопасности.

**5. Лицо, претендующее на участие в конкурсе, предоставляет в сроки, указанные в объявлении о проведении конкурса, следующие документы:**

- 1) заявление об участии в конкурсе;
- 2) резюме на государственном и русском языках;
- 3) автобиографию, изложенную в произвольной форме;
- 4) копии документов об образовании (с приложенными);
- 5) копию трудовой книжки (при ее наличии) или трудового договора либо выписки приказов о приеме и прекращении трудового договора с последнего места работы или архивную справку, содержащую сведения о трудовой деятельности работника;
- 6) справку о состоянии здоровья по форме № 075/у;
- 7) копию удостоверения личности;
- 8) сведения о совершении лицом коррупционного преступления (получается кандидатом через EGOV).

Участник конкурса может предоставить дополнительное относительно его образования, стажа работы, уровня подготовки (копии документов о повышении квалификации, степеней и званий, научных публикаций, а также рекомендаций с предыдущего места работы и т.п.).

Прием документов для участия в конкурсе проводится в течение 15 (пятнадцать) календарных дней с момента опубликования с «14» мая 2024 года по «28» мая 2024 года.

**6. Дата и место проведения конкурса:** Город Астана, проспект Мангилик ел 8, здание «Дом министерств», 14 подъезд.

Дата проведения собеседования участникам конкурса будет сообщена дополнительно.

Документы принимаются нарочно или через почту по адресу: Республика Казахстан, город Астана, проспект Мангилик ел 8, здание «Дом министерств», 14 подъезд, каб 676.

Подробную информацию можно получить по телефонам +7 (7172) 74-04-59.

# УАҚЫТТЫ ЖЕҢГЕН ЖӘДІГЕР

**Мао Цзэдунның: «Ұлы Қытай қорғанына бармасаң, нағыз қытай емесің» деген әйгілі сөзін сәл-пәл бұрмалап, «Қорғанды көрмегенің – Қытайды көрмегенің» деуге болатын шығар. Сол себепті де таяуда Қытайға жасаған журналистік сапар аясында әдейілеп осы мекенге ат басын бұрдық. Таулы қыраттарды бойлай сақпалы алып айдаһар пішініндегі тас қамалды өз көзіңмен көргенде, оның ұлылығын тағы бір мәрте мойындай түседі екенсің.**

Ботагөз МАРАТҚЫЗЫ

## МҮРДЕДЕН ТҮРГЫЗЫЛҒАН ІРГЕТАС

Ұлы Қытай қорғаны десе дегендей-ақ: түпнұсқадағы Wán Chángchéng атауының қытай тілінен сөзбе-сөз аударғандағы мағынасы – «Ұзындығы 10 000 ли қабырға». «Ли» – қытайлардың ежелгі ұзындық өлшемі. Бүгінде қабырға шығыстан батысқа қарай 9 000 шақырымға созылып жатыр, ал барлық тармағын қосқандағы ұзындығы 21 000 шақырымнан асады – бұл экватордың жартысы.

Қорған Сары теңіз жағалауындағы Шанхайгуань уезінен басталады екен. Камалдың бұл тұсы «Айдаһарын басы» деп аталып, тұп-тура судан көтеріледі. Жау әскері қорғанды айналып не жүзіп өте алмас үшін әдейі солай ойластырылса керек. Одан соң камал Қытайдың солтүстігі арқылы бірде тау сілемдерін бойлай жоғары шығып, бірде тұңғыш шыңырауға құлап, Гоби шөліне барып тіреледі.

Қытай қорғанының құрылысы сонау біздің заманымызға дейінгі III ғасырда басталған екен. Ол кез Қытайдың біртұтас мемлекет болмаған кезі – солтүстіктегі мемлекеттер көшпенді тайпалардың шабуылынан қорғану үшін камалдың алғашқы бөліктерін тұрғыза бастаған.

Жалпы, оның құрылысы жайында жергілікті халық аузында аңыз-әпсана көп. Елдің айтуынша, император камал құрылысына жан-жақтағы жұртты түгел жинады, құрылысшылардың көбі жұмыс барысында қаза тапқан. Тіпті, адам мәйіттерін қорғанның іргетасына көміп жіберген деген де аңыз бар. Тарихшы Лев Гумилев өзінің «Хунну халқының тарихы» атты кітабында осы алып камалдың қалай соғылғаны жайында мынадай дерек қалдырыпты: «Көл-көсір байлық иесі Ши-хуанди өзінің солтүстіктегі шекарасын нықтап алмақ болып, Қытайды Еуразия далаларынан бөліп

тұратын Ұлы камал салуды ойлайды. Камал құрылысы күні-түні тоқтаусыз жүрген; адам жетпейтіні анықталғанда, тұтқынға түскен жауынгерлер мен түрмедегі қылмыскерлерді де құрылысқа аттандырып отырған. Жұмысшылардың жағдайы өте ауыр болған, көп адамның мүрдесі қабырғаның топырақ үйіндісі астында қалған».

Камалдың бойына, бір-бірінен 200 метр аралықта болатындай мұнаралар тұрғызылыпты – жібелер сондай қашықтыққа дейін жететін болған деседі. Әр тұсында келесі бетке өтуге арналған қақпалар орнатылған. Кейінгі династиялар камалды нығайтып, кей жерлерін қайта тұрғызып, ұзарта берген. Бүгінде дейін жеткен қорған бөліктері көбіне Мин династиясы кезінде XIV–XVII ғасырларда салынған. Бұл – камал құрылысының аяқталар шағы еді.

## ЖАУҒАДА, ҚАШҚЫНҒА ДА КЕДЕРГІ

Ұлы Қытай қорғанының көнебөліктерін Бейжінге жақын жатқан Цзюйюань қаласы маңынан табуға болады. Біздің делегация да қорғанға дәл осы тұстан аяқ бастық.

Юань дәуірінде бой көтерген бұл қақпада санскрит, тибет, моңғол, ұйғыр және қытай тілдерінде қашалып жазылған канатты сөздер мен дұғалар әртүрлі мәдениеттің бірігіп бейбіт өмір сүргенінен хабардар етеді. Қақпаны ежелгі халық «аспан құдайы» қорғап тұрсын деген үмітпен соған арнап тұрғызылған екен. Негізі, қорғанның дәл осы Цзюйюань қақпасы орнатылған тұсы стратегиялық маңызы үлкен нысан болған, сондықтан оны тұрғызуға мемлекеттің басты ресурстары жұмылдырылған.

Гилдіміз бұл қорғанның терістіктен тап келер жаудан қорғаныс ретінде ғана емес, елден қашқалы жатқан тұрғындарға тосқауыл түрінде де қызмет еткенін айтты. Л.Гумилевтің кітабында мынадай мәлімет кездеседі: «Ху Иннің жазбасында қытай шенеуніктерінен қағажу көрген тайпалар, тұтқындар, қылмыскерлер және саяси эмигранттардың отбасы шекарадан қашуды ғана армандайтыны айтылады. Қорған арқылы, тіпті оның күзетшісі болмаса да, жылқыларды алып өту мүмкін болмаған еді. Ал Азияға жылқысыз көшудің мәні жоқ болатын».

## ЕПТІЛІК ҰЛТТЫҢ ҚАНЫНДА ЖАТЫР

Қорғанға келер алдында ұйымдастырушылар бізге тойып тамақтанып алу керегін бекер айтпаған екен. Көтерілем дегенше біраз күш-қуат керек. Қақпа



маңындағы кофешоптан алған бір стакан капучиноға бар үмітімді артып, алға бастым.

Мені таңғалдырғаны – қорған қабырғасының биіктігінен бұрын оның ені еді: біз сапарымызды бастаған жерде ені екі көлік қатар сыятындай кең болса, енді бір тұстарына келгенде көлік тұрмақ екі адамның өзіне тарлық ететіндей жіңішкеріп кетеді. Сөйтсек мұның да өзіндік себебі бар екен. Гидтің айтуынша, камал құрылысшылары Табиғат-Ананың меншігін барынша сол күйі сақтағысы келген – Аспан күштеріне деген сыйластық осында көрініс тапқан. Олар жолдың біркелкі болуы үшін ор қазып не төбелерді тегістемеген, бар болғаны тас тақталарды жерге барынша нығыздай төсеп, құрылысты тау ыңғайымен сала беріпті. Оны анық сөзіндіретін тағы бір тұс – қорғанның баспалдақтары екен. Әншейінде тепкішекке зырылдап мініп, зырылдап түсіп жүретін біздің бұл жолы жүрісіміз бір өңбеді: табанымыздың астында кезектесіп төселген бірінші биіктігі 7 сантиметр, енді бірінікі 50 сантиметр болатын баспалдақтарды өңсеру оңайға түспеді. Секунд сайынғы мұншалықты айырмашылыққа бейімделе алмаған аяқ тез шаршайды. Ал кезінде мұнда тұрған қытай күзетшілері салмағы кемінде 30 келі тартатын сауыт-жарағымен бірге бір мұнарадан екіншіге дейінгі қашықтықты жүгіріп-ақ өткен деседі. Әл-дәріменін құрып, жүрегім кеудемнен шығып кетердей атқақтап соққан күйі екінші мұнараға өрен жеткен мен қытай күзетшілерінің ептілігі мен шымырлығына тамсандым.

Жалпы, ептілік пен қайсарлық сол күзетшілерде ғана емес, бүкіл қытай ұлтына тән қасиет пе деп қалдым. Жоғарыға өрлеген сайын шетелдік туристер азайып, жергілікті халық қарасы ғана қала берді. Онда да жастармен бірге алпыс-жетпістен асқан кісілер де берілмей, өз арманындағы биігін бағындыруға кетіп барады. Ұшар төбесіне де ақыры солар жетті. Расында да, рухы сынбайтын ұлт! Қорғанға кіре берісте Мао императордың: «Ұлы Қытай қорғанына бармасаң, нағыз қытай емесің» деген сөзі бар тақтаның да ілініп тұрғаны бекер емес шығар, сірә.

## ДӘСТҮРЛІ ӘНШІЛЕРДІҢ БАЙҚАУЫ БАСТАЛДЫ

Халық ақыны Кенен Әзірбаев әндерінен дәстүрлі әншілер арасында республикалық конкурс басталды. Студенттер арасында ұйымдастырылған байқауға Қытайдан, Моңғолиядан, Өзбекстаннан өнерпаздар қатысты.

Сал-серілік дәстүрдің соңғы тұяғы Кенен Әзірбаев алтын қорға 130-дан астам ән, 7 күй қалдырған. Ұйымдастырушылардың айтуынша, бас жүлде – 700 мың теңге. Сайысқа 40 қатысушы арасынан 25 үміткер іріктеліп алынды. Бірінші турда жеңімпаз атанғандар келесі турға өтеді.

– Республикамыздағы сал-серілерімізді, оның ішінде Кенен Әзірбаевтың әндерін насихаттауымыз керек. Негізі, халық ақынының кей әндері бұрын айтылмай қалды. Арагідік бір-екі әншілер айтатын. Енді осы әндерді жүйеге кіргізу керек қой, –

делі Қазақстанның халық әртісі Қайрат Байбосынов.

– Қазақтың белгілі ақыны, Кенен Әзірбаевтың туғанына биыл 140 жыл толып отыр. Бұл мереке Қазақстанның әр қаласында, облыс орталықтарында, әр жерде іс шаралар өтіп жатыр. Сол іс-шараның біреуі – осы. Астана қаласында тұңғыш рет Кенен Әзірбаев әндерінен конкурс өтіп жатыр. Конкурсның бір ерекшелігі кәсіпқой әншілер қатыса алмайды. Тек әуесқой жас әншілер ғана қатысып, өнер көрсетеді, – делі К.Әзірбаевтың ұлы Бақытжан Әзірбаев.



## ҰЛЫБРИТАНИЯДА ҰЛЫҚТАЛҒАН ҰЛТТЫҚ КИИМ

Лондонда 17 елдің салт-дәстүрі мен мәдениетін паш еткен іс-шара өтті. Шетелдік көрермен қазақтың ұлттық киімдерін де көрді. Көрсетілме Қазақстанның ұлыбританиядағы елшілігі және «Қазфэшн Париж» француз ұйымдастығының қолдауымен ақтөбелік дизайнер де қатысты.

Сабина Наурызалинаның ұлттық киім тігумен айналысып келе жатқанына 15 жылға жуықтады. Өз өнімдерін 2 чмоданға салып, Ақтөбеден Лондонға жалғыз келген. Әшекей бұйымдары мен сәнді сөмкелерін қоса есептегенде қолмен кестелен тігілген әр көйлегінің салмағы әжептәуір. Қалыңдық сәуекелесінің өзі 6 келі тартады. Шетелдік көрерменге ұсынған топтамасы «Наурыз» деп аталады. Ұлттық киімдерден бөлек күнделікті өмірде киюге арналған сәнді көйлектері де бар.

– Батыс Қазақстандағы ұлттық киімдердің басты ерекшелігі, әлбетте оюларында. Гүл формасындағы сурет көптеп кездеседі. Қанық қою түстер де ерекше әр беріп тұр. Әр костюмге сәйкесінше әшекей бұйымдарды да таңдадық. Қыз баланың ажарын аша түсетін сырға, өрліген бұрынғы ұшын бекіту үшін тағылатын шашбауы да бар, – делі дизайнер С.Наурызалина.



Үзіліс кезінде қайырымдылық жәрменкесі де ұйымдастырылды. Әр ел колден бұйымдары мен ұлттық тағамдарын сатып, түскен қаражатты қайырымдылыққа аударды. Іс-шара биыл бірінші рет өткізіліп отыр. Болашақта оны жыл сайын ұйымдастыру жоспарланған.

## «ЖІБЕК ЖОЛЫ ҮНІ» ФЕСТИВАЛІ ӨТЕДІ

Алматыда алғаш рет «Жібек жолы үні» халықаралық музыкалық фестивалі өтеді. Іс-шара 22-25 мамыр аралығына жоспарланған. Оған Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше 9 елдің өлемдік деңгейдегі музыкалық продюсерлері мен талантты өнерпаздары қатысады.

Шоу аясында Франция, Марокко, Эстония, Италия, Германия сияқты мемлекеттердің жетекші музыканттары өнер көрсетеді. Фестиваль халықтар арасындағы достық қарым-қатынасты нығайтуға бағытталған.

– Мұндай деңгейдегі іс-шара біздің ұйымның тарихында алғаш рет ұйымдастырылайын деп отыр. Алматы – Шанхай ынтымақтастық ұйымының туристік және мәдени астанасы. Мұнда барлық мемлекет бір-бірінің бай мәдениетімен танысуға мүмкіндік алды, мәдени пікір алмасды. Өз басым тағатыздана күтіп жүрмін. Бұл биылғы жылы өтетін ең

ірі іс-шаралардың бірі болмақ, – делі ШЫҰ хатшылығы бас хатшысының орынбасары Жанеш Кайы.

– Негізгі мақсаты сол – Жібек жолы бойындағы елдердің арасындағы мәдени қарым-қатынасты күшейту. Осы арқылы біз тағы да Шанхай ынтымақтастық ұйымындағы бауырластықты және түсіністікті арттыру түсеміз. Бұл шілдеде өтетін Астана саммитіне орайластырылып ұйымдастырылған мәдени іс-шаралардың бірі болайын деп тұр, – деп баға берді ШЫҰ хатшылығы жанындағы Қазақстанның тұрақты өкілі Нұрлан Аққошқаров.

Дайындаған Сымбат БАУЫРЖАНҚЫЗЫ



NUR MEDIA  
Media & Communications

AIQYN

Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС

Директор –  
Талғат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор –  
Амангелді ҚҰРМЕТ

Гүлзина БЕКТАС –  
Бас редактордың  
бірінші орынбасары

Ботагөз МАРАТҚЫЗЫ –  
Шығарушы редактор

Елдар ҚАБА –  
Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ПАШАЕР:  
Абзад АЛПЫСБАЙҰЛЫ –  
Ақмола облысы  
Алғашқы БАУЫРЖАНҚЫЗЫ –  
Алматы қаласы  
Саятхан САТЫЛҒАН –  
Жамбыл облысы  
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ –  
Қарағанды облысы  
Назғұл НАЗАРБЕК –  
Шымкент қаласы  
Жаннат ҚАЙЫРҒОЖИНА –  
Батыс Қазақстан облысы  
Ербақыт ЖАҒАСБАЙ –  
Қызылорда облысы  
Баши ЖАНУЗАҚ –  
Атырау облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ  
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:

Кәсіпорындар,  
мекемелер үшін – 15102  
Зейнеткерлер,  
соғыс ардагерлері үшін – 55102  
Жеке жазылушылар үшін – 65102

ЖАРНАМА БОЛІМЕ:  
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31  
reklama.aiqyn@gmail.com  
ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БОЛІМЕ:  
8(7171) 804-61-32  
podpiska.ai@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның»  
компьютер орталығында беттелді  
ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4446  
Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС  
Сметің көшесі 30,  
тел.: 8(7172) 99-77-77  
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ  
Мұқанов көшесі, 223 В  
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,  
Әлмұқұлов көшесі 22,  
тел.: 8(72525) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,